

## AISHYQ

### ДӘРИГЕРЛЕР – ТӘЖІРИБЕ АЛАҒЫНДА

3-бет

## KELBET

### ӨНДІРІС ТІРШІЛІГІН ЖАНДАНДЫРҒАН

4-бет

## R ÝHANIAT

### АЙДАРБЕК БАТЫР

5-бет

## QOŒAM

### АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

6-бет

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

# БАСТЫ МАҚСАТ – БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

Білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясы өткен жұмада алғаш рет Мемлекет басшысының қатысуымен өтті. Іс-шараға Қазақстанның барлық өңірінен келген мұғалімдер, оқу орындарының оқытушылары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың өкілдері, барлығы екі мыңнан астам делегат жиналды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде жаңа буынды тәрбиелеудегі мұғалімдердің рөлін атап өтті.

– Еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеу – педагогтардың және ата-аналардың міндеті. Лайықты азамат – бұл өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсіну керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, білім және ғылым саласының дамуына тың әрі тегеурінді серпін қажет.

– Білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер. Аталған бағыттар бойынша тиімді жұмыс істеу қажет, яғни туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын ұсыну керек, – деп мәлімдеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мұғалімдердің біліктілігін бағалау идеясын жүзеге асырудағы бюрократия мен біржақтылыққа, сондай-ақ оқытушылардың өз кәсібін тыс түрлі іс-шараларға тартылуына қатысты сыни көзқарасын білдірді.

– Жергілікті әкімдіктердің өз өкілеттіліктерін асыра пайдаланып, мұғалімдерді білім беру саласына еш қатысы жоқ өкімшілік іс-шараларға тарту жағдайлары толастамай тұр. Аталған мәселелерді шешу үшін Үкіметке шұғыл нақты шаралар қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу жүйесінің сапасын арттыру, сондай-ақ орта білім беруді одан әрі дамыту стратегиясын

айқындау жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

– Әлем елдерінің 60 пайызында мектепте білім беру 6 жастан басталады, яғни мұндай жүйе баланың зияткерлік және әлеуметтік жағынан ертерек дамуына оң ықпал етеді. Үкіметке Білім мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы аясында 12-жылдық білім беру моделіне біртіндеп, жоспарлы негізде көшуді қамтамасыз етуді тапсырамын, – деп атап өтті Президент.

Мемлекет басшысы «Жас маман» жобасының жүзеге асырылуы, техникалық және кәсіби білім беру жүйесін дамыту жұмысын пысықтау, сондай-ақ ұш ауысымды және шағын комплексті мектептер мәселесін шешу қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым министрлігіне үштілді оқыту жүйесін енгізу үдерісін қайта қарауды тапсырды. Аталған мәселе оқытушылар мен білім беру бағдарламаларының дайындығын ескере отырып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

– Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту білім орталықтарының кадрлық мүмкіндігіне қарай, оқушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша іске асуы тиіс. Сондықтан, ағылшын тілін оқытуды 2,3-сыныптан немесе ата-аналардың қалауына қарай 5-сыныптан бастау орынды әрі тиімді болады деп санаймын, – деп, Президент өз ұстанымын жеткізді.

Мемлекет басшысы мұғалімдер жалақысының мөлшерін арттыруды алдығы қатардағы міндет екенін атап өтті.

– Бұл саладағы еңбекақы ең төмен жалақылардың қатарында, яғни ел экономикасы бойынша орташа жалақының 65 пайызын құрайды. Білім беру жүйесіне білікті кадрларды тарту мақсатында Үкіметке төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекақысын 2 есе көбейтуді тапсырамын, – деді Қасым-



Жомарт Тоқаев.

Будан бөлек, Президент барлық білім беру бағдарламалары мен стандарттарын бір деңгейде әзірлеп, қала және ауыл балаларының білім деңгейіндегі ашақтықтарды жоюды және тұрғылықты жері мен ата-аналарының әлеуметтік жағдайына қарамастан балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік беруді тапсырды.

Мемлекет басшысы ғылымды қаржыландыру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, ұлттық ғылыми кеңестердің жұмысын

жетілдіру қажеттілігіне баса мән берді. Президенттің пікірінше, ғылымды одан әрі институционалды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажет.

Конференцияның соңында Қасым-Жомарт Тоқаев отандық білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін бірқатар ұстазды марапаттады.

Атап айтқанда, «Құрмет» орденімен Павлодар қаласының №8 дарынды балаларға арналған мектеп-лицейінің мұғалімі Анатолий Билица, Алматы облысы Іле ауданы №13

орта мектебінің мұғалімі Гүлнар Казербаева, «Ерен еңбегі үшін» медалімен – Орал қаласы Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің мұғалімі Гүлзихан Тасқарина, Түркістан облысы Кентау қаласының А.Юғнаки атындағы орта мектебінің мұғалімі Дәнгел Қуатбек, «Шапағат» медалімен – Қарағанды қаласындағы Н.Нұрмақов атындағы №2 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі Екатерина Нипрук марапатталды.

Ақорданың баспасөз қызметі

# ГАЗ ТАРАТУ СТАНСАСЫ САЛЫНУДА

«Сарыарқа» магистральді газ құбырының бойынан Жезқазған қаласын газбен қамту үшін автоматты газ тарату стансасының құрылысы басталды.



Талап ауылының іргесінен орын тебетін станса Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымал көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен салынууда. Мердігер – «Элия-Сервис» ЖШС. Жезқазған қаласына газ тарату желілерінің бірінші кезеңі, бірінші қосылу бөлігіне биыл республикалық бюджет есебінен 2 млрд 400 млн теңге қарастырылған.

Нысан құрылысымен сейсенбі күні Қарағанды облысы өкімінің орынбасары Ермағанбет Бөлекбаев арнайы барып танысты. Мердігер компания өкілдері жұмыс кестеге сай жүріп жатқанын, қажетті материал мен техника, адам күші жеткілікті екенін жеткізді. Жоба бойынша бірінші кезекте Талап ауылы газға қосылды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін Жезқазғандағы вокзал маңы ауданына магистральді құбыр тартылады. Бұл аудандағы тұрғын үйлер келесі жылы газ желісіне қосылмақ.

Жалпы, Қызылордадан ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласына тартылатын «Сарыарқа» магистральді газ құбырының 80 пайызы Қарағанды облысының аумағымен өтеді. Соның арқасында алты қалаға, яғни, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Шахтинск, Саран мен Абайға газ тартылады. Бұдан бөлек, облыстың 114 елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Дархан МҰХАН



МЕРЕЙ

# ҰЛТ ҰЯСЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

әріптес туралы әңгіме



Ұлытауға атбасын тіреп, қасиетті өңірге тәу етуге келген ақын-жазушылар ең әуелі Мағзұмбек Машайықұлын іздейді екен. Ертеректе тіпті аупарткомға: «Машайықовты дайындап қойыңдар, бізбен еріп жүретін болсын» – деп қолқа сала келетін көрінеді. Осылайша Мағзұмбек ағамыз заманында Мұхамеджан Қаратаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзаәлі, Ақселеу Сейдімбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Зейтін Ақышев және басқа да көптеген қаламгерлермен бірге өңірдің тарихи орындарын аралап, сырлас болды. Әңгімелерін ұйып тыңдаумен қатар үш жүздің басын қосқан ұлт ұясының ұлағаты жайлы білгендерін өзі де ортаға салып, орайына қарай орталықтағы газет-журналдар бетінде де жиі жариялап тұратын.

Бітімі ерек, болмысы белек Мағзұмбек ағамды көрген сайын бір серпіліп, мағұрланып қалатыным бар. Баяғыда, осыдан қырық жылдай бұрын алғаш танысқан кезде осылай сияқты еді, әлі де сол қалпынан өзгермегендей көремін кейде. Бірақ, бұл ойымның бір сәттік сыртқы түйсік ғана екенін сеземін. Әйтпесе, қаламгерліктің рахаты мен бейнетін қатар тартып жүрген Мағаң әр жылдың өзіне тән алмағы мен өмірдің зіл батпан салмағын да аз көрген жоқ. Алайда, «асыл адам — айнымас» дегендейін, адамдықтың алтын арқауын босаңсытқан емес. Өршіл өмірдің толқындай тулаған жалына жармасып, алған бетінен қайтпай жүргенінде біраз белестерді арқа тастапты. Ауданның ардагері, әулеттің ақсақалы, қазақ баспасөзінің қара нары – бұл кісі. Ұлытаудың ұлылығын ұлықтап, қадір-қасиетін жоқтап, қазыналы тарихын түгендей жүріп сексеннің сенгіріне аяқ басып отыр.

«Жақсыда жаттық жоқ» демекші, қашанда кеңқолтық жүретін әріптесіміздің әр сөзі мен ісінен қазақы қасиетіміздің қаймағы бұзылмаған қалпын көремін. Мағзұмбек ағамның қабақ шытқанын көрмеппін. Бір нәрсені әзілге айналдырып, балаша масайрап жүргені. Баламен де, шағамен де әзіл жарастырып қалуға бейім тұратын жанның сырын білмейтіндер басқаша ойлап қалуы мүмкін. Ал, Махаңның көңілінде қылаудай кірбің жоқ.

►► 4-бетте

## «Jezkiik» Халықаралық музыка фестивалінің БАҒДАРЛАМАСЫ

2019 жылғы 24 тамыз  
Қарағанды облысы  
Ұлытау ауданы,  
Болатсай елді-мекені



24 тамыз (сенбі)

**11.40-12.15 «NOMAD STUNTS»** ат-каскадерлік шоуы, Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі, Сарыарқа өңірінің: **Сержан Мұсайын, Дәуренбек Арқенов, Гүлмира Тапай, «Hassak» (Алматы қ.)** этно-тобының, **«Тоқырауын толқындары»** халық ән және би ансамблінің (Қарағанды қ.), **«Alatau Serileri»** тобының, **«Аққу»** фольклорлық-хореографиялық ансамблі және Жезқазған және Сатпаев қалаларының хореографиялық ансамблдерінің қатысуымен фестивалдің салтанатты ашылуы.

**12.15-14.20** Тәттімбет атындағы академиялық оркестрдің, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жетекші солистері **Сержан Мұсайынның, Дәуренбек Арқеновтің, Гүлмира Тапайдың,** ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Жамила Баспақованың (сопрано, Алматы қ.),** ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Айгүл Үлкенбаеваның (күйші, Алматы қ.),** ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Жанғали Жүзбаевтың (күйші, Нұр-Сұлтан қ.),** ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Сәкен Тұрысбековтың (күйші, Нұр-Сұлтан қ.),** ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Тұрар Әліпбаевтың (күйші, Нұр-Сұлтан қ.),** халықаралық байқаулар лауреаты **Жарас Сатыбалдиевтің (күйші, Алматы қ.)** қатысуымен **«Атадан қалған асыл мұра»** концерті.

**14.40-16.05** Дәстүрлі әндер концерті. **«Аққу»** фольклорлық-хореографиялық ансамблінің, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің домбырашылар ансамблінің ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Айгүл Қосанованың, «Қазақконцерт»** солисті **Асқар Мухият, Амангелді Күзбайдың,** термеші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Ұлжан Байбосынованың,** жыршы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Ерболат Шалдыбековтің** дәстүрлі әндерін орындау, қазақ ұлттық дәстүрлерін көрсету (*тұсаукешер, бесікке салу, беташар және т.б.*)

**16.10-16.50** ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Аманжол Әлтаевтің** пен ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Сара Тоқтамысованың** қатысуымен **«Ұлы дала дүбірі»** атты ақындар айтысы.

**17.00-19.00 «Тоқырауын толқындары»** халық ән және би ансамблінің (Қарағанды қ.), **«MORESCA NOVA» (Италия), «CARMEN GUERRERO FLAMENCO» (Испания), «Serbian Abrasevic band» (Сербия), «Dunaj banda» (Венгрия) «Hassak» (Алматы)** этно-топтарының өнер көрсетуі.

**19.30-21.30 «Арлан»** ұлттық дәстүрлер театрының, Қазақстан эстрада жұлдыздары, ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Қарақат Әбілдина мен Қыдырәлі Болмановтың,** аты аңызға айналған **«Дос Мұқасан»** тобының, **«Ұлытау»** тобының, **«Alatau Serileri»** тобының, **«Алтын батыр»** степ-тобының қатысуымен өтетін Гала-концерт.

## SARYARQA-AҚПАРАТ

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ  
АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ 6  
ҚЫРКҮЙЕКТЕ ӨТЕДІ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы 6 қыркүйекте өтеді. Отырысқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысады. Бұл туралы Мемлекет басшысының кеңесшісі, Ұлттық кеңес хатшысы Ерлан Қарин мәлім етті.

Мемлекет басшысының қатысуымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы шамамен 6 қыркүйекте өтеді. Қазіргі уақытта алғашқы кеңейтілген отырысқа қызу дайындық жүргізіліп жатыр, – деді «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысынан кейін Ерлан Қарин.

Оның айтуына қарағанда, осы жылдың шілде мен тамыз айларында Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында Ұлттық кеңеске мүшелікке енген азаматтармен кездесу өткізілген. Сондай-ақ, талқылау барысында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысының алдында ұйымдастырушылық жиынды өткізу келісіп.

Шкі сурақтарды – Ұлттық кеңес жұмысының жалпы регламенті, жұмыс топтарын құру мәселелері мен құрамын талқылау үшін алдын ала жиын өтеді. Ұйымдастырушылық жиын 28 тамызға жоспарланған, – деп түсіндірді Ерлан Қарин.

100 МЫҢ СТУДЕНТ  
КӘСІПКЕРЛІК НЕГІЗДЕРІН  
ТЕГІН ОҚИДЫ

Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап жоғары курстардағы 100 мың студент кәсіпкерлік негіздерін тегін оқи алады. Бұл туралы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Үкімет басшысы Асқар Мамин мәлім етті.

Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап жоғары курстардағы 100 мың студент тегін түрде ЖОО-лар жанындағы кәсіпкерлік негізін оқи алады. Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында микронесиеу шығындары 83 млрд теңгеге дейін артты. Ал жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін 18 мың азаматқа 18 млрд теңге көлемінде мемлекеттік грант бөлінеді, – деді Асқар Мамин.

Үкімет басшысының айтуына қарағанда, азаматтарды жұмыспен қамту бағдарламаларына көптеп тарту үшін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 15 мобильді жұмыспен қамту орталығы ашылған. Жыл соңына дейін ондай орталықтар тағы 15 жерде жұмысын бастайды.

Экономикадағы еңбек күші нарығында оң динамика байқалады. Орташа есеппен жылғы өлімізде 300 мың жаңа жұмыс орны ашылады. 1 тамыздағы жағдай бойынша 227 мың жұмыс орны құрылды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл 13 пайызға артық көрсеткіш. Осының арқасында 7 айдың ішінде жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға азайды, – деді ол.

«МЕН – ҚАЗАҚСТАННАМЫН»  
БЕЙНЕБЛОГЕРЛЕР БӘЙГЕСІНЕ  
200-ДЕН АСА БЕЙНЕЖОБА  
КЕЛІП ТҮСТІ

Қазақстандағы Жастар жылы аясында «A kind heart» қоғамдық бірлестігі «I'm from Qazaqstan» атты бейнероликтер бәйгесін ұйымдастыруда.

Еліміздің барлық аймағынан бәйгеге қатысуға 969 өтініш келіп түскен. 233 қатысушы тақырыпқа сәйкес видеороликтер түсіріп жіберген. Финалға 15 қатысушы іріктеліп алыныпты.

Конкурсқа қатысқан жобалардың 40% Алматы қаласына, 13% Нұр-Сұлтан қаласына, қалғандары Өскемен, Шымкент, Семей, Ақтөбе, Қарағанды, Бұрабай, Қостанай, Түркістан және басқа да қалалар мен ауылдардан келіп түскен.

Қатысушылардың бейнероликтерін Қазақстан және шет елден келген танымал блогерлерден тұратын қазылар алқасы бағалайтын болады.

Бас жүлде - 1 000 000 теңге, екінші орын иесі – 500 000 теңге, ал үшінші орын иесі 300 000 теңге алады. Сонымен қатар елімізде ТЖ және авиа билеттер сату бойынша көшбасшы Авиаата компаниясы бір жеңімпазға арнайы сыйақы дайындады. Жеңімпаздарды құттықтау салтанатты рәсімі 24-25 тамызда Нұр-Сұлтан қаласында өтетін «Қазақстанды таны» атты халықаралық блогерлер форумында өтеді.

Бәйге қорытындысы бойынша финалға жеткен қатысушылар Қазақстандағы YouTube компаниясының ресми өкілімен келісімшартқа отырып, өз арналарының дамуына қатысты мамандардың кеңестерін алады.

Бәйге шарты бойынша қатысушылар өздерінің туған қалалары немесе ауылдары туралы қысқаша бейнеролик түсіруі керек. Өз туындысында туған жері туралы, оның қызықты немесе маңызды жерлері туралы баяндап, туған жерінің туристер үшін қандай қызықтары бар екендігі туралы айтып беруі қажет болатын.

Іс-шараны ұйымдастырушылар «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «A kind heart» қоғамдық бірлестігі.

Жобаның стратегиялық серіктестері – еліміздің ең ірі интернет БАҚ – «Internet Portal NUR» ЖШС, Қазақстандағы Youtube-тің ресми серіктесі – «Power Media» ЖШС және туризм саласындағы Қазақстанның бренд-менеджері болып табылатын «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы. Жоба демеушісі – «GALANZ botlers» компаниясы Sevens компаниясымен.

Жоба Қазақстандағы Жастар жылы аясында жүзеге асырылуда және дарынды жастарға көмектесу, елдегі туризм мен бейнеблогингті дамытуға бағытталған.

Бәйге мен форум туралы толық ақпарат [openqazaqstan.kz](http://openqazaqstan.kz) сайтында.

ПОЙЫЗДА ШЫЛЫМ  
ШЕГУГЕ ТЫЙЫМ  
САЛЫНАДЫ

28 тамыздан бастап жолаушылар пойызында шылым тегуге тыйым салынады. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ атқарушы директоры Едіге Мыханов «Қазақстан темір жолы» АҚ бас ғимаратында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

2019 жылдың 28 тамызында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жолаушылар тасымалы, қол жүктері мен пошта жөнелтімдері ережелеріне енгізілген өзгерістер өз күшіне енеді. Жаңа ережеге сәйкес, жолаушылар пойызында шылым шегуге тыйым салынады. Бұған дейін тамбурда шылым шегуге рұқсат берілетін. Көптеген арыз-шағымнан кейін жалпы пойызда темекі тарту тоқтатылады, – деді ол.

Оның айтуынша, шылым шеккіс келген жолаушылар вокзал перрондары арнайы орындарға баруы тиіс.

Кей жолаушылар жолсерікпен келісіп, заң бұзуы мүмкін деген пікірлер айтылуда. Темекінің ісін кез келген жолаушы 1433 байланыс нөміріне хабарласып, шағым қалдыра алады. Оның үстіне, Талғо пойыздары герметикалық материалдан жасалған темекінің ісі барлық күлеге таралуы мүмкін. Жолаушылардың кері байланысы арқылы занбұзушылықтармен күресеміз, – дейді ол.

Компания өкілдерінің айтуынша, пойыз ішінде шылым шегу фактісі анықталған жағдай акт толтырылып, желілік ішкі істер бөлімінің қызметкерлері шақырылады. Хаттама толтырылып, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 571-бабы «Тасымал ережесін бұзу» бойынша 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады.

## 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

## ӘЛЕМДЕ МОЙЫНДАЛҒАН ЕҢБЕК

Елбасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы» еліміздің білім беру жүйесі мен ғылымының дамуына серпін берері сөзсіз. Осы жоба аясында 2017 жылы 18 оқулық ағылшын, француз тілдерінен аударылып қазақ тілінде жарық көрді, ал 2018 жылы 30 оқулық дайындалды. Осы ретте Грегори Мэнью мен Марк Тейлордың «Экономика» оқулығының маңыздылығы және оның аудармасы туралы пікір білдіруді жөн көрдік.



Аталған оқулық АҚШ оқу орындарының бакалавриатында ең көп оқылатын және экономика оқулықтарының әлем нарығында бүгінгі заманауи талаптарына бейімделген нұсқасы. Кітап жоғары оқу орындарының экономика мамандығында оқытын студенттерге, оқытушыларға, экономика бойынша білімін жетілдіргісі келетін оқырман қауымға арналған.

Бірден айтарымыз, бұл іргелі еңбектің қазақ тіліне аударылуы дер кезінде қолға алынған, өте құптарлық жұмыс деп бағалауға тұрарлық. Әсіресе, аудармашылар ұжымы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдарының қосқан үлесін ерекше атау керек.

Жалпы экономика саласында мұндай еңбектің қазақ тілінде жарық көруін тұңғыш деуге де болмас. Өйткені осыдан 70 жыл бұрын К.Маркстың «Капитал» атты іргелі еңбегі ағылшын, неміс, орыс тілдерінен қазақ тіліне аударылып, тек экономистер үшін ғана емес, басқа саланың мамандары үшін де әдіснамалық, әдістемелік оқу құралы ретінде қолданыста болғаны көпшілікке белгілі. Дәл бүгінде «Капитал» теориялық, практикалық рөлін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі пікір білдіргелі отырған «Экономика» оқулығының өзінде авторлар тарапынан оған бірнеше сілтемелер жасалған.

«Экономика» оқулығы тек «Экономикалық теория» пәні үшін ғана емес, «Макро және микроэкономика», «Кәсіпорын экономикасы мен кәсіпкерлік», «Ақша, қаржы, несие, салық, банк жүйесі», «Бизнес», «Халықаралық сауда валюта жүйесі», т.с.с. салалық пәндердің арнайы курстарын жүргізуші оқытушылар үшін де аса пайдалы. Ал студенттер қауымына міндетті оқу құралы болатындығын сеніммен айтуға болады.

Оқулық құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан көп бағытты, күрделі ғылыми, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қамтитындығына қарамастан, барлық теориялық-практикалық материалдарды баяндау тәсілі ұғынықты, аудармашылардың тілі мүмкіндігінше қарапайым. Оқулық 15 бөлімнен, 38 тараудан тұрады: «Экономикаға кіріспе», «Сұраныс пен ұсыныс – нарықтың қозғаушы күштері», «Нарықтар, тиімділік және әуақат», «Қоғамдық сектор экономикасы», «Тімісіз нарықтық ассигнация», «Фирма мінез-құлқы және нарық құрылымы», «Нарық факторлары», «Тендіздік және т.б.

Көріп отырғанымыздай, оқулық құрылымдық-мазмұндық сипатына қарағанда нарық экономикасының теориялық, практикалық проблемаларын талдауға арналған, яғни нарықтың құрылымдық, қозғаушы күштерінің өзара байланысы, әрекеті, заңдылықтарына, ерекшеліктеріне тереңнен салыстырмалы талдау жасалған. Бұл бағытта АҚШ-тың, басқа да Еуропа елдерінің нарықтық тәжірибесі кеңінен қамтылған. Осы тұрғыдан қарағанда еңбек ғылымы сипатта әзірленген. Үлкен бір ерекшелігі – әрбір бөлім, оның тарауларының соңында оқушы-қауым үшін аса маңызды, методикалық тұрғыдан аса пайдалы кеңестер берілген. Атап айтқанда, сұрақтар, түйін, шолу сұрақтары, мәселе және шешім, жаңалықтар, сызбалар, экономикалық категорияларға қысқаша сипаттама, есептер, салыстырмалы деректер, өздік жұмыстар, глоссарий, формулалар жүйелі



ұсынылған. «Экономика» оқулығы, әсіресе «Экономика», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент», «Маркетинг», «Әлемдік экономика», «Қаржы» және «Есеп» мамандықтары бойынша арнайы білім алатын жастардың қолынан түспейтін оқу құралына айналуы керек деп ойлаймыз. Өйткені онда баяндалған сұрақтар бакалау бағдарламасы шеңберінде қарастырылған әрбір бөлім мен тараудан кейінгі берілген маңызды кеңестер студенттердің қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Оқулық авторлары өз оқырмандарын үнемі пікірталасқа шақырып, сұрақтар қою арқылы олардың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге, сонымен қатар субъективтілікке, жаттандылыққа бой бермеуге меңзейді. Әлбетте, мұны авторлар көзқарасы, оқырманға ойлануы шешім қабылдауға кеңесі деп қабылдаған дұрыс.

Бүгінде әлем елдері, ондағы қоныстанған халықтар өзара әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста, яғни «шекарасыз әлем» жағдайында өмір сүруде. Осы оқулықта баяндалған теориялық мәселелер қазақстандық ғылымға да жат емес. Ал теорияны практикамен ұштастырып дәлелдеуде келтірілген мысалдар, деректер оқулық түпнұсқасында ағылшын тілінде жазылғандықтан, батыс елдерінің өмір тәжірибесінен алынған.

Сондықтан оқулықта баяндалған теориялық және практикалық мәселе-лерді Ұлттық экономикалық ерекшеліктерімен және тыныс-тіршілігімен ұштастырып, дәрістер мен семинар сабақтарында ұтымды пайдалану студенттердің сабақты түсініп қабылдауына ықпал етеді деген пікірдеміз. Демек, шетелдік жоғары оқу орындарының әдістемесін ұлттық оқу стандарттарымен салыстыра оқытуға мүмкіндік болады.

Жалпы оқулық сәтті аударылған. Елу жылдай уақыт мерзімінде экономика ілімінің тарихы, теориясы мәселелерімен шұғылданып келе жатқан ғалым, ұстаз ретінде айтарымыз: «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында жарық көрген «Экономика» оқулығы оқытушылар мен студенттер қауымы үшін маңыздылығы айрықша оқу-әдістемелік құрал деп бағалауға болады.

Сонымен қатар, аударма мен термин мәселесі бойынша да (тек «Экономика» оқулығына байланысты емес) баспасөз беттеріндегі пікір алмасу, қызу талқылау

журналистер, тіл мамандары мен аудармашылар арасында орын алуда. Осыған байланысты да өз пікірімізбен бөлісуді және оқушы қауымға ой тастауды жөн көрдік. Өйткені ұсыныс-пікірлеріміз аударма саласының мамандарына азы-кәпті септігін тигізеді.

Ұлт газеті «Ана тілінің» 8-14 қараша 2018 жылғы санындағы Шәріп Білгелдің мемлекеттік термин комиссия бекіткен атау-жасау қағидалары ұлт тілінің аясын барынша тарылтып, оның еркін дамуына нұқсан келтіреді деген пікірлермен толықтай келісуге болмас. Заңдық күші жоқ термин комиссиясының мұндай шешімін сол күйінде қабылдау міндетті емес. Өйткені шын мәнінде ғылымның қай саласы да (қазақ тілі мен қазақ филологиясынан басқасы) қазақ тілінде жасалмағаны, қалыптаспағаны қаншалықты шындық болса, оның атаулары да біз үшін орыс немесе басқа да халықаралық болып танылуы шындық. Мысалы, политэкономия, философия оқулықтары Кеңес кезінде тек орыс тілінде Мәскеуден шығарылып, жоғары оқу орындарында аталған тілде оқытылды. Бұл кеңестік идеология мен саясаттан туындағаны да ақиқат. Ал бүгінде тәуелсіздіктің арқасында экономика бойынша ғылыми еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тілінде жазып шығаруда атауларды аударып қиналмағанымыз да шындық. Шын мәнінде, ұғым мағынасын толық қазақ тілінде беру немесе бір сөзбен толық бағамасын табу мүмкін бола бермейтінін өмір-тәжірибесі растап отыр. Осыдан да сол жат (шет) тілде қабылдаған нұсқада терминді қолдану орын алып отырғанын да ескеру керек. Міне, осы тұрғыдан бәріне терминкомиссиясын қиналаудың орны жоқ. Сондықтан кәсіби аудармашылар, тіл мамандары, салалық ғылым мамандары бірлесіп отырып, ғылыми терминдерді бір жүйеге келтіруге болады.

«Экономика» оқулығын экономикалық бағыттағы мамандықтарға міндетті оқулық тізіміне енгізіп, лекция курстары мен семинар және өзіндік дайындық, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарында басшылыққа алуды ұсынар едік.

Мендеш ИСҚАЛИЕВ,  
экономика ғылымының докторы, профессор  
Гүлжахан МЫҢЖАНОВА,  
экономика ғылымының  
магистрі

«Ана тілі» газеті

## ОБЛЫС ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ІХ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АМАНЖОЛОВ  
ОҚУЛАРЫНА ӨТІНІМДЕР  
ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Билығы жылы оқуларға «Жас дәурен» және «Әлемге келер өлі талай Қасым...» деген екі номинация қосылды. Шараға қатысуға 16-32 жас аралығындағы жастар шақырылады.

Бірінші санатта қатысушылар Қасым Аманжоловтың өлеңдерін өн шығарды. Екінші номинацияда қатысушылар ақынға арнаған өздері шығарған өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

Қарағандыда «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...» деген атаумен ІХ Республикалық дәстүрлі Аманжолов оқулары өтеді. Байқауға өтінімдерді қабылдау басталды.

Әр санат екі кезеңнен тұрады. «Жас дәурен» номинациясына қатысушылар қазылар алқасы дайындаған тізімнен Қасым Аманжоловтың өнін тандап, орындау қажет. Егер төрешілер алқасына үміткердің орындауы ұнаса, қатысушы екінші турға өтеді. Осыдан кейін орындаушы Аманжоловтың өлеңіне өз тандауы бойынша өн шығарып алады.

«Әлемге келер өлі талай Қасым...» номинациясына қатысушылар іріктеу турында қазылар алқасы мүшелеріне әрқайсысы 100 жолдан аспайтын үш өлең жіберуі тиіс. Олардың бірін Қасым Аманжоловқа, қалған екеуін еркін тақырыпқа арнайды. Екінші турға өтушілер өз шығармаларын сахнадан оқи алады.

«Жас дәурен» санатына өтінімдерді қабылдау 2019 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасады. «Дүниеге келер өлі талай Қасым...» номинациясына қатысушылар өз шығармаларын басып шығарылған және электронды түрде 24 қыркүйекке

дейін Н.В. Гоголь атындағы кітапханаға тапсыруы қажет.

Өтінімде қатысушының толық аты, бүркеншік аты, жасы, жұмыс немесе оқу орны, тұратын мекенжайы, байланыс телефоны және егер бар болса, жауапты басшының байланыс деректері көрсетілген сауалнаманы қоса беру қажет.

Байқау қорытындысы 25 қазан күні «Шалқыма» концерт залында өтеді. Конкурс ережесімен және өтінімді рәсімдеудің егжей-тегжейлі ережелерімен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <http://www.karlib.kz/index.php/ru/novosti/3267-ix-amanzholovskie-chteniya>.

Алғаш рет Аманжолов оқулары Қарағандыда 2011 жылы өтті, шара ақынның 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған болатын. Кешікпей конкурс республикалық мәртебеге ие болды және жыл сайын өтіп отырады. Биыл байқау тоғызшы рет өтеді.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДӘРІГЕРЛЕРІН  
МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ  
ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ҮЙРЕТЕДІ

Қарағандыда міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде жұмыс істейтін дәрігерлер үшін семинар өтуде. Ол үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының және Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының мамандары келді.

Жақын арада біздің облыстың медициналық ұйымдары пилоттық жоба шеңберінде МӘМС пакетінен көмектің кейбір түрлерін көрсете бастайды және алғашқы медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтардың статусын сәйкестендіру бойынша ақпараттық базаны сынақтан өткізеді.

Семинарда мемлекеттік және жеке меншік медициналық мекемелердің қызметкерлері білім алуда. Оларға медициналық қызметтердің екі пакеті, медициналық көмекке ақы төлеу тетігі және медициналық IT-жүйелердің жұмысы бойынша қаржыны бөлек есепке алуды жүргізу туралы баяндалды.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қарағанды облысында пилоттық режимде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі сынақтан өтеді. Бұл барлық мүмкін болатын проблемалық аспектілерді анықтауға және оларды 2020 жылдың қаңтарынан бастап бүкіл республика бойынша медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылғанға дейін түзетуге мүмкіндік береді.

Мемлекет келіпдік берген медициналық қызметтер көлемі аясында алғашқы медициналық-санитарлық көмек, шұғыл жағдайларда көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар және негізгі созылмалы аурулардың 25 тобы кезінде емдеу және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тегін болып қала береді. Сақтандырылған азаматтар үшін қосымша консультациялық-диагностикалық медициналық қызметтердің, жоспарлы стационарлық көмектің, оның ішінде қымбат зертханалық және диагностикалық кеңейтілген тізімі қолжетімді болады, – деп түсіндірді «МӘСҚ» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Қопабаев.

Дереккөз: [karaganda-region.gov.kz](http://karaganda-region.gov.kz)



# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Жұмыспен қамту орталығы бүгінгі күні екі қолға бір күрек іздеген тұрғындардың көмек сұрап баратын мекеніне айналып отыр. Қазіргі таңда елімізде Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы негізінде 200 жұмыспен қамту орталығы жұмыс жасайды. Халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешіп, жұмысыздықтан әлеуметтік қорғау шараларын тиімді түрде ұйымдастырып жүрген орталықтардың бірі – Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығы. Орталықта Абай Әзімбаевтың жетекшілігімен 12 маман жұмыс жасайды. Мамандар микрокредиттеу, әлеуметтік жұмыс орыны, жастар практикасы, қоғамдық жұмыстар, грант, әлеуметтік көмек, айыпкерлер және борышкерлермен жұмыс бөлімдері бойынша жұмыс іздеуші тұрғындарға көмек көрсетеді.

Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығы жұмысының аясында өткен «Моторсервис», «Дим Арт» «Отан» оқыту орталықтарында тігін ісі, 1С бухгалтерия, ЭВМ операторы, аспаз, шаштараз, газозлектроде-некерлеуші, ВС санатты көлік жүргізушісі, В санатты көлік жүргізушісі мамандықтары бойынша 179 тұрғын арнайы оқу курсына білім алуда. 2-4,5 айлық оқу курсы барысында білім алушыларға мамандықтарына сәй тәжірибелік және тәжірибелік тұрғында сабақтар өтіп, сертификат беріледі. Сондай-ақ, 16 759 тп шекірткі төленеді.

– Біздің жұмыспен қамту орталығының мамандары тұрғындарға барынша көмек көрсетуге дайын. Біз оларға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмектерді ұсына отырып, жұмысқа орналастыру шараларын ұйымдастырамыз. Қазіргі таңда 11 топ арнайы оқу курстарынан өтуде. Сонымен қатар, жаңа топтар жиналу үстінде. Тамыз айының соңғы онкүндігінде жаңа топтар оқуын бастайтын болады, – деді Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығының қысқа мерзімді оқыту бойынша жауапты маманы Гүлшат Құрманбаева.

Орталыққа жиналған БАҚ өкілдерін Гүлшат Құрманбаева бастаған орталық қызметкерлері атқарылған жұмыстар барысымен таныстырды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы негізінде нәсібін кәсіпкерлікпен тауып отырған жандардың бірі – Рысбек Садықова.

– Мен биыл «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы негізінде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» қорынан 4 млн теңге көлемінде несие алдым. Бұл несиеге 14 бас ірі қара малын сатып алып, шаруа қожалығын аштым. Алдағы уақытта мал санын көбейтіп, шаруашылығымызды кеңейту ойымда бар. Көптен көкейде жүрген ісімді өміршең


етуге мүмкіндік берген мемлекеттік бағдарламасына алғысым шексіз, – дейді ол.

Одан әрі түзету мекемесінен шыққан проба қызметінде тіркеуде тұрған азаматтардың жұмыспен қамту мақсатында Жезқазған қаласы әкімі арнаулы квота тағайындаған болатын. Сол квота бойынша жұмысқа орналастырылған азаматтардың бірі – Андрей Якимчук.

– Қала әкімі бөлген квота бойынша түзету мекемесінен шыға сала бірден дәнекерлеуші болып жұмысқа орналастым. Бұрында осы мамандық бойынша жұмыс жасағанмын. Өзіме жұмысым ұнайды. Осындай мүмкіндікті ұсынып отырған Жезқазған қаласының әкімі мен жұмыспен қамту орталығының мамандарына алғыс білдіремін, – деген Андрей қуанышымен бөлісті.

Одан әрі «Отан» оқыту бөлімінде ВС1 санатты көлік жүргізушісі мамандығында білім алып жатқан жастармен де жүздестік. Бұл жерде қазіргі уақытта 16 маман теориядан тәжірибеге өтіп, білімін жалғастыруда. Мамыр айынан басталған оқу курсы қазан айына дейін жалғасады. Көлік жүргізудің қыры мен сырына әбден қаныққан жастар жұмысқа кірісуге әзір.

Жастар жылы негізінде биыл Президентіміз жастарға арнаулы кәсіпкерлік гранттарын бөлуді тапсырған еді. Нәтижесінде 500 000 теңге көлеміндегі грантты ұтып алып отырған жеке кәсіпкерлердің



бірі – С.Сейфуллин көшесі бойында орналасқан «Шолпан» мини-маркетінің иесі Бәла Смағұлұлова. Бөлінген грантқа мини-маркетке қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған ол мемлекет тарапынан жастарға көп мүмкіндіктер жасалып жатқандығын жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ДӘРІГЕРЛЕР – ТӘЖІРИБЕ АЛАҒЫНДА

Тоқсан мыңнан астам халқы бар мысты шаһар медицинасы жылдан жылға дамып келеді. Соның бір дәлелі – қаламызда екі күн қатарынан Паркинсон ауруымен ауыратын және буын ауруларына шалдыққан науқастарға ота жасалды. Жасалған оталар одан әрі облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға арқау болды.

– Жезқазған-Ұлытау аймағында алғаш рет жасалып отырған бұл оталар біздің жас травматолог мамандардың ғылым саласына тереңдей бойлауына мүмкіндік туғызып отыр. Бұндай ғылыми-тәжірибелік конференциялар алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылады деген ойдамын. Бүгінгі конференцияға арнайы қатысып отырған Қарағанды қаласында орналасқан профессор Х.Ж. Мақажанов атындағы травматология және ортопедия облыстық орталығының мамандарына және Нұр-Сұлтан қаласынан келген қонақтарға алғысымызды білдіреміз, – деді конференцияны ашқан денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова.

Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының директоры Есентай Мұсағұлов, профессор Х.Ж. Мақажанов атындағы травматология және ортопедия облыстық орталығының директоры Еркін-Дәуір Құрманғалиев, Нұр-Сұлтан қаласындағы травматология және ортопедиялық ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыру-әдістемелік және өңірлермен жұмыс бөлімінің меңгерушісі Арман

Мырзахметов, Қарағанды облысының бас травматологы Ербол Сембеков, Қарағанды облысының бас неврологы Михаил Мазурчак, Қарағанды облысының бас нейрохирургы Фабиет Махамбаев жетекшілік еткен конференцияға Жезқазған қаласының барлық денсаулық сақтау мекемелерінің мамандары қатысып, тәжірибе алмасты.

Травматология, неврология, нейрохирургия ғылымдары бойынша кеңінен сөз қозғалған конференция барысында Арман Мырзахметов, Шолпан Қауынбекова, Фабиет Махамбаев бастаған дәрігерлер баяндамаларымен таныстырды.

– Бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференция аймағымыздың барша дәрігерлер қауымына өте пайдалы болды деп ойлаймын. Бұл конференцияда неврология бойынша біраз тың деректермен таныстым. Бұндай тәжірибе аландары алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылып тұрса жақсы болар еді, – деген Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының инсульт орталығының меңгерушісі Жандос Жақыпов ұйымдастырушыларға үлкен алғысын білдірді.

Конференция барысында халықаралық «World medicine», «Sandoz», «Аргус-Фарм», «Арекс Со» фармацевтикалық және медициналық құрылымдар компаниялары қонақтарды өз өнімдерімен таныстырды.



Сондай-ақ, конференция аясында тұрғындар біліп жүрег жайттың бірі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Осыған орай, бұдан былай балалар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, интернаттық меке-

мелерде оқитын және тәрбиеленуші азаматтар, күндізгі бөлімде оқитын колледж, КТУ, ИНСТИТУТ, университет студенттері мен ЖОО-дан кейінгі білім алушылар, 3 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша деректік демалыстағы әйелдер, жұмыссыз жүкті әйелдер мен 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеуші аналар, жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар және уақытша ұстау, тергеу изоляторларына қамалғандар мен сот үкімі бойынша жазасын өтеушілер әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлемейді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ҚАЛАЙ ЖӨНДЕУГЕ БОЛАДЫ?



Жезқазған қаласында 651 көппәтерлі тұрғын үй бар, қаланың орталығында 5 қабатты тұрғын үйлердің көбісі 1960-1970 жылдары салынған. 1950-1960 жылдары салынған 2 қабатты үйлер ескі үйлерге жатады.

Азаматтардың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін Жезқазған қаласы атқарушы органы бұзуға немесе күрделі жөндеуге жататын апатты үйлерді анықтау үшін жұмыс жүргізеді.

Қала әкімдігіне тұрғындардан төбеден су аққан, инженерлік жүйелерден су ауына байланысты жөндеулерді суға толуы туралы шағым түседі. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес, үй-жай азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда (баспалдақ, жөртөле, шатыр және басқалар) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиум нысанына жатады.

Пәтерлердің меншік иелері ортақ меншік мүлкі күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындарға қатысуға міндетті. Ай сайын тапсырылатын жарнадан бөлек, күрделі жөндеуге қаражат жинақтау үшін ай сайын пайдалы алаңының бір шаршы метріне арналған еселен айлық есептік көрсеткіштің 0,02 еселенген мөлшерінен (2019 жылы-50,5 теңге) кем болмайтын соманы енгізуге міндетті.

Мысалы, екіқабатты 8-пәтерлік ағаш қабырғасымен тұрғын үйді алайық. Күрделі жөндеуге қаражатты қанша уақыт жинау қажет?

Тұрғын үйге қасбетті, шатырды, кіреберісті, инженерлік жүйелерді ауыстыру жұмыстарды біріншіден жасау қажет. Күрделі жөндеудің сметалық бағасы 10 миллион теңге құрады. Үйдің ауданы 63 шаршы метр 2, ауданы 44 шаршы метр 6 пәтер бар. Ауданы 63 және 44 шаршы метр болатын пәтер иелері ай сайын 3 150 және 2 200 теңге төлеу міндетті, барлық пәтер иелері тапсырған жағдайда, бір айда 19500 теңге жиналады, бір жылда 234 000 теңге. Қажет соманы жинау үшін тұрғындар 43 жыл қаражат жинау керек. Тұрғындарға күрделі жөндеуге бұлайша қаражат жинау мүмкін емес.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында күрделі жөндеуді қаржыландыру қарастырылған, меншік иелері 8-ден 15 жылға дейін мерзімде (күрделі жөндеу жұмыстары түрлеріне байланысты) қаражатты қайтарады. Сондай-ақ, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарына қолайлы өмір сүру жағдайларын жасауға нақты мүмкіндік беріледі.

2013-2019 жылдар аралығында Жезқазған қаласында жаңғырту бағдарлама бойынша 15 үйді 21,1 миллион теңге сомасына күрделі жөндеу жасалды. Осы күнде екі көппәтерлі үйді жөндеуге өтініштер ресімделуде.

Жөндеу жұмысын жасау үшін пәтер (жайлар) меншік иелерінің келісімі және күрделі жөндеу жасау туралы қол қойылған шарттар негіздеме болады. Бағдарлама бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін алуға мүмкіндік бар. Ұйымдастыру жұмыстары (жиналысты өткізу, банктарда есепшот ашу, құжаттарды ресімдеу) кондоминиум объектісін басқаратын орган атқарады, осы күнде- бұл ПИК және заңнама бойынша басқа да түрлері (басқаратын компаниялар, өзін өзі басқару органдар).

Терможаңғырту элементтерімен күрделі жөндеуді жүргізу нәтижесінде жылу тұтынуы 30 пайызға дейін үнемдеуге қол жеткізіледі, содан да үй тұрғындардың өкілдері жұмысты қабылдау актілерге қатысуға мүмкіндігі бар. Заңнамаға сәйкес, жөндеу жұмыстарға мердігерлер келіп береді, анықталған ақаулар жойылады.

Көппәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары күрделі жөндеу жасауға бірлесіп шешім қабылдағаны және өзінің өмір сүру жағдайларын жақсартуға мемлекеттің ұсынған мүмкіндігін пайдаланғаны өте маңызды.

Алиса САҒЫМБАЕВА,  
«Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі»  
ММ басшысы

## КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ БАР

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ұлттық жоспарға сәйкес бекітілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен өңдеуші және ауылшаруашылық салаларында жұмыс жасайтын және халық тұтыну тауарларын өндіретін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолжетімді несие беру мәселелерін шешу үшін 600 миллиард теңге бөлінді. Атап айтқанда, қаражат өңдеу өнеркәсібін дамытуға (400 млрд. теңге), ауылшаруашылығы мен қайта өңдеу саласындағы жобаларды дамытуға (200 млрд. теңге) бағытталған және екінші деңгейлі банктар арқылы жеңіл шарттармен беріледі.

Бағдарламаның шарттары бойынша несие – 7 жылға беріледі, қарыз алушылар үшін номиналды сыйақы мөлшерлемесі ауылшаруашылық саласында 5%, өңдеу өнеркәсібінде 8% құрайды.

Біздің қалада Бағдарламалық қатысушы банктар «БанкЦентрКредит» АҚ



және «Халық Банк» АҚ филиалдары болып табылады.

Жезқазған қаласында Бағдарлама жүзеге асырылғаннан бері «Ахтамов» шаруа қожалығының «Құс фабрикасын құру» жобасы 220 млн. теңгеге қолдау алды.

Бағдарламаның іске асырылуы үнемі бақылауда. Біз ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіміз, семинарлар ұйымдастырамыз.

Ағымдағы жылдың 12 тамызында Жезқазған Сәтбаев қалалары және Ұлытау ауданы үшін семинар-жи-

налыс өткізілді. Жиынға ауылшаруашылық саласында дамыту құралының операторы болып табылатын «АгроКредит корпорациясы» АҚ және өңдеу өнеркәсібі саласын қолдау құралының операторы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өкілдері қатысты. Семинар-кеңеске екінші деңгейлі банктардың филиалдары да қатысты.

Бағдарлама туралы ақпарат кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орналастырылған.

Сонымен қатар, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңында бағдарламаның іске асырылуын бақылау үшін жобалық кеңсе құрылды, оның мақсаты жобаны іске асыру барысында туындаған мәселелерді шешуге, бизнес-жоспарды әзірлеу сатысынан бастап оны қаржыландыруға, бақылауға және көмектесуге бағытталған.

Фархад НҮРДӘУЛЕТОВ,  
Жезқазған қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы

## «СПОРТ – ЕЛ ҚУАТЫНЫҢ КЕПІЛІ»

атты іс-шара өтті

Күні кеше ғана Қарағанды облысының тоғыз ауданы мен тоғыз қаласы спортшыларының басын қосқан дәстүрлі «Арай» спартакиадасында үздік төрттіктің қатарынан табылған жезқазғандық спортшылардың кәсіби мерекесі «Тұран» мейрамханасында өз деңгейінде атап өтілді.

Өңірдің спорт саласын дамытуға ерөн еңбегімен елшесіз үлес қосқан спорт саңлақтары әдеттегідей төрден табылды. Олардың ізін басқан жас спортшыларға да көрсетілген құрмет пен қошемет аз болмады. Саптанатын шараның шымылдығын тұрғын Жезқазған қаласы мәслихатының хатшысы Советбек Медебаевтың жүрежкарды құттықтауы жиналғандардың мерейін асыра түсті.

– Спорт саласы – мемлекеттің ерекше қамқорлығында. Өйткені, дені сау әрі күшті ұлт қана халықаралық аренада бәсекеге қабілетті болмақ. Осы ретте елімізде 2025 жылға дейінгі дене шынықтыру және спортты дамыту тұжырымдамасы қабылданған еді. Біздің басты мақсатымыз – спортты қаланың әрбір тұрғынына, оның ішінде жастарға қолжетімді ету. Осы міндеттерді жүзеге асыру аясында Жезқазғанда барлық мүмкіндіктер жасалуда. Бүгінгі өзіміз түрлі меншік түріндегі 105 спорт ғимараты жұмыс жасап тұр. Олардың қатарын биыл құрылысы басталатын бассейні бар дене шынықтыру және сауықтыру кешені толықтырмақ, – деген Советбек Тұрсынұлы әлемдік деңгейде еліміздің көк байрағын желбіретіп, республи-



калық додаларда мысты өлкенің абыройын асқақтатқан спортшыларға алғысын білдірді. Және қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны үшін марапат ұсынды. Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен бұл жолы байдарка мен каноэде есу бойынша бапкер-жаттықтырушы Нурия Борисова,

Жезқазған қалалық олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебі директорының орынбасары Елдос Абдраев, спорттық-сауықтыру кешені директорының орынбасары Алданыш Жакешева, бапкер-жаттықтырушылар Жасулан Шубаев, Асылан Рахымбек, Ахмед Хажиев, Нұрлы Сағынтай

мен спорттық-сауықтыру кешенінің мейірбикесі Бақытгүл Байтуғанова марапатталды. Ал Жезқазған қаласының әкімі Қ.Бегімовтің Алғыс хаты талай мықты шекірт тәрбиелеген бапкер-жаттықтырушылар мен дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне бұйырды. Марапат төрінде табылғандардың қатарында Думан Хасанов, Ақгүл Сансызбаева, Мақсұтбек Әуезов, Гүлдана Алтынбекова, Мәди Дүйсенбаев, Олег Менчаков, Сәруар Әбжапбаров, Нұрбек Рахымжанов бар. Намысты қолдан бермей, дүбірлі додаларда топ жарған Артур Игнатьев, Айболат Амангелдиев, Ұлықбек Төлеуов, Бекзат Еркемов, Евгений Белоусов, Анна Маслинникова, Әлібек Қанатұлы, Диана Тельбаева, Данил Хоменко мен Тұрсын Әбілшәйұлы да қала өкімінің Алғыс хатымен еленді. Дәстүрлі түрде өтетін мектеп лигасы мен студенттер лигасында жеңімпаз атанғандар да мадақталды. Жұлделі орындарды өзара бөліскен №13 мектеп, 8 гимназия мен Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі ұжымы және тау-кен металлургиялық колледжі, Жезқазған политехникалық колледжі мен көлік және бизнес колледжінің командасы ақшалай сыйлық пен кубокке ие болды.

Кәсіби мереке қарсаңында үздіктерге тағайындалатын өкімнің дәстүрлі арнайы сыйлығы был да өз иесін тапты. Атап айтқанда, «Жылдың үздік спортшысы» номинациясына Азия Чемпионатының күміс жүлдегері Ерасыл Дәулет лайықты деп танылды, боксшы Дамир Байпақов «Олимпиадалық спорт түрі бойынша талантты спортшы» атанды. «Олимпиадалық спорт түрі бойынша жылдың үздік бапкері» аталымы Өміртай Дәрібаевқа тапсырылды. «Олимпиадалық

спорт түрі бойынша спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» Айтбай Сейтөвке берілді. «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша үздік спортшы» номинациясы қаратәні серік еткен Ақылбек Нұрлыхановқа, «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша талантты спортшы» номинациясы бағуан Жандос Бейсенбаевқа, «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша үздік бапкер-жаттықтырушы» номинациясы Береке Отыншинге, «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» аталымы Нұрбек Сейтімғанбетовке бұйырды.

Самбошы Максим Алиасқаров «Үздік ардагер-спортшы» атағына лайықталса, тоғыз-ақұмалақ ойынын жетік меңгерген Елман Серік «Мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасындағы үздік спортшы» атанды. Мүмкіндігі шектеулі жандарды спортқа баулып жүрген бапкер-жаттықтырушы Жаңабай Оразалин «Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында бұқаралық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталды. Қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұлов «Мемлекеттік қызметшілер арасында шахматтан үздік ойыншы» аталымын иеленді.

Еңбек еленіп, алғыс төілген кештің сәнін кіргізген Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония өңшілері Руслан Исмайыл мен Айзада Әбдіхалықованың рухты өндері мен «Асылай» би ансамблінің орындауындағы халықтық билері мерекені иелерінің көңіл-күйін шат-шадыман етті.

Диана ОРАЗАЛИНА  
Суреттерді түсірген  
Ғалия ӘБДИҚАППАРОВА

25 ТАМЫЗ – ШАХТЕР КҮНІ

# ӨНДІРІС ТІРШІЛІГІН ЖАНДАНДЫРҒАН

Әлбетте, шахтаға тоқ берілмей қалса өндірістік апат болып саналады. Жер астындағы кеншілердің тынысы тарылмай, қалыпты жұмыс істеуі үшін ауа желдеткіш үздіксіз істеуі керек. Забойлардан сыртқа су айдайтын насос стансаларында да тоқтау болмауға тиіс. Шахтерлардың бұрғылау станогынан бастап, кен тасымалдау конвейерінің ленталарына дейінгі бүкіл жұмыс үдерісі элекрті қуатына тәуелді. Сондықтан да, кеніштің электрмен жабдықтау қызметін өндіріс тіршілігін жандандырушы деп бейнелеп айтысақ артық емес. Жомарт кеніші бас энергетигінің орынбасары Ерболат БРАЛИННЕМ әңгіме барысында осындай ойға келген едім.

Ерболат – металлургтер мен кеншілердің еңбек дүбірнен онша қашық емес Теректі стансасының тумасы. Соның өсері ме екен, станса орта мектебінің 9-сыныбын бітірген 1994 жылы Сәтбаев қаласындағы тау-кен техникумына оқуға келді. Төрт жыл оқып, кен-шахта жабдықтарының электромеханигі мамандығын алып шықты. Айтпақшы, бұл бітіредің алдында, нақты айтқанда 1997 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен Жезқазған құрылыс техникумы, Сәтбаев тау-кен техникумы және Талап совхоз-техникумы біріктіріліп, Жезқазған аграрлық-техникалық колледжі болып қайта құрылған болатын. Ерболат дипломды осы жаңа колледжден алды. Еңбекке араласуға оқталған тұста Армия қатарына шақырылды. Екі жыл әскер қатарындағы міндетті борышын атқарып келген соң Сәтбаев қаласындағы электр желілері кәсіпорнына жұмысқа тұрды. Еңбек жолын қатардағы электр-монтер болып бастады. Осында 2004 жылға дейін істеп электрмен жабдықтау ісінің қыры-сырына бойлай түсті. Электр желілерінің әртүрлі учаскелерінен өтіп, тәжірибе жинақтады. Содан 2005 жылы құрылыс жұмыстары қайнап жатқан Жомарт кенішіне электр слесарі болып келді.

Ол кезде қаладан 160 шақырым қашықтықтағы кен орны ежелгі атауы бойынша Жаман Айбат аталатын. Минералдық құрамы бойынша кен тастары мысты, қорғасынды-мысты, мырышты, күмісті-мысты, ренийлі-мысты болып жіктелетін кен орнының ерекшеліктерін Жезқазған қойнауының қазбаларын тынымсыз зерттеген білікті геолог, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев өзінің геологиялық болжам картасы мен еңбектерінде көрсетіп кеткені белгілі. Кейінгі барлау жұмыстарын Қанекеңнің өңірге ізбасарлары жалғастырып, кен қорын нақтылау нәтижесінде жапандағы Жаман Айбатқа прохода түсіп, шахта бой көтере бастаған кезең әді бұл. Қазылау-өлшеу прибор-

ларының электр слесарі болып іске кіріскен Ерболатқа алғашқы сәттен қауырт жұмыстарға араласуға тура келді. Жаңа шахтаның кен көтеру құрылысының монтаждау жұмысына, конвейер ленталарын жабдықтап орнатуда қатысты. Өзіне жүктелген міндетті ыждағаттылықпен атқаратын Ерболат жоғары мамандар мен басшылардың көңілінен шықты. Алайда, арқадан қағып, ризалық білдіргенге масайрайтын әдет болмысында жоқ ол одан әрі жоғары білім алып, біліктілігін жетілдіре түсуді көздеді. Осы ойға бекінген талапты жігіті 2001 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне құжаттарын тапсырды.

Бірер жылдың ішінде кең далада қуатты кеңіс бой көтерді. Жаман Айбат кен орны 2006 жылы Жомарт кеніші деп аталды. Ерболат өндірістен қол үзбей жүріп, 2005 жылы университеттің электрмен жабдықтау факультетін ойдағыдай бітірді. Кенішті электр қуатымен сенімді жабдықтаудың кешенді шаралары қолға алынды. Алғашқы жылдары тоқ көзін Қарақойын мұнай аялдау стансасынан алып тұратын. Кейін қаладағы желілер арқылы жылу-электр орталығынан алып отырудың мүмкіндіктері жүзеге асырылды. Ерболат Мизамбайұлы 2008 жылы Жомарт кеніші бас энергетигінің орынбасары болып тағайындалды. Ал 2012 жылдан бастап 2018 жылдың желтоқсан айына дейін алты жылдай бас энергетик болды. Кеніштің шахтасы және басқа да құрылымдарындағы электр желілері мен қондырғыларының жұмыс циклі мен ауылуын бес саусақтай меңгерген Ерболат осы жылдар ішінде энергетиканың көнігі маманына айналды. Кеніш ұжымының алға қойған басты ұстанымы – өнім көп, шығын аз болуы керек. Өндірістің жыл ішіндегі негізгі көрсеткіші осыдан құралады. Осыған орай электрмен жабдықтаудағы шығындарды азайту қашанда күн тәртібінен түспейді. Ер-



болат Бралин бас энергетик қызметін атқарып жүргенінде электр қуатын көп шығындайтын үлкен компрессордың орнына әр учаскеге автономды шағын компрессор қоюды ұйғарып, жобаны ойдағыдай қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде электр қуатын бірнеше есе үнемдеуге қол жеткізді. Экономикалық және технологиялық жағынан аса тиімді жобаны өндіріске енгізгені үшін Е.Бралин 2014 жылы ҚР Энергетика министрлігінің «Құрметті энергетик» төсбелгісімен марапатталды. Бұл 35 жастағы жас маман үшін айтарлықтай үлкен жетістік еді. Білікті энергетиктің «Қазақмыс» корпорациясы мен қала әкімдігі тарапынан алып жүрген Құрмет грамоталары мен марапаттары да аз емес. Өткен жылдың соңынан бері Ерболат Мизамбай-

ұлы бас энергетиктің орынбасары болып істейді. Оның да өзіндік себебі бар екен.

– Бас энергетикке жүктелер міндет жеңіл емес. Мен оның жауапкершілігінен қашқан жоқпын. Отбасымызда 4 бала өсіп келеді. Ең кішкентаймыз 3 жаста, алды мектепте оқиды. Зайыбым Анар отбасының шаруасымен қатар фермерлік шаруашылықтың жұмыстарымен де айналысады. Бас энергетик болғанымда 25 күн бойы үйдің бетін көрмей вахтада жүруіме тура келеді. Отбасының тірлігіне, балалардың жағдайына қарау керек болған соң қазіргі қызметіме өзім сұранған едім, – дейді ол.

Иә, оның қиындықтан қауыспайтыны анық. Ерболат қазір нағыз «қамал алар» қайратты шағында. Жақында 40-қа толғалы отыр. «Туған жерге туынды тік» демекші, ол туып-өскен ауылына жиі ат ізін салып, құрмеуі қиын бір шаруаға көмектескісі келіп тұрады. Тым болмаса, өзі оқыған Теректі мектебінің мұғалімдеріне газет жаздырып беруге қол созатыны бар. Жалғыз бұл емес, осы ауылдан шыққан бір топ азаматтар туған ауылды түлетуге құштарлықпен атсалысып жүр. Дегенмен, үлкен кеніштің өндірістік үдерісімен біте қайнасып, 15 күндік вахталық жұмыста болудың да өзіндік қиыншылықтары баршылық. Электр қуатымен жабдықтау тіршіліктің көзі болумен қатар үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бүкіл кеншілердің жыл сайын электр жүйелерімен жұмыс істеу тәртібіне байланысты емтихан тапсыруы да бекерден-бекер емес. Кеніштің барлық буындары мен құрылымдары осындай. Қазір бұрынғыдай емес, кеніш өндірісі Швеция, Финляндия, Украина елдерінің өз жетілдірілген электр жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету энергетика қызметінің мамандарына жүктелген.

Сонымен, кеніштің тіршілік көзі – электр қуатында дедік. Кен қойнауын проходақалап, мысты қабаттарды бұрғылау үшін ең әуелі тоқ керек. Өндірілген кенді конвейер лентасымен тасымалдап, одан әрі кен көтерішпен қырқаға шығару да электр күшімен атқарылады. Сондықтан, шахтада электр қуатын беруде үзіліс деген ұғым болмайды. Бұл саланың басты тетігі Ерболат Бралин сияқты сенімді мамандардың қолында. Ендеше, аландауға еш негіз жоқ.

Амандық РАХҰЛЫ

## МЕРЕЙ

# ҰЛТ ҰЯСЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

### әріптес туралы әңгіме

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бар адамды өзіндей санап, аңқылдап жүргені. Қазақы болмысқа беріктігі — ерекше. Ұлттың тілінің, салт-дәстүрінің бекем болуына бөлсене кірісіп жүреді. Ол өмірінде аузына арақ деген жыңды суды алып көрмеген жан. Әкеге берген сертінен таймау үшін Байсалды еңгіме барысында бұл туралы айтқаны да есімде. Әкесі Машайық марқұм баласының мектеп бітіргенін көріп, марқайып отырғанында былай десе керек: «Балам, өмір деген арпалыс күрес, бірде жығасың, бірде жығыласың. Жықсаң — тасымалу керек, жығылсаң — жасымай аяқты нық басып, талпыну керек. Қамшының сабындай қысқа бір тұтам өмірді мәнді де мағыналы өткізем десең, бірінші өтінішім — арақты аузыңа алма. Сыра деген соның ағайыны, оған да жолама. Екінші, ақша салып карта ойнама, ұтсаң біреудің бала-шағасының несібесін аласың, ұтылсаң өз отбасының несібесінен айрылып, күйзелісте қаласың. Бұл екеуі де адамның қас жауы». Осы екеуінен де аулақ боламын деп үдесін берген Мағзұмбекке әкесі ақ батасын беріпті. Шығармашылық ортаның шытырман жағдайға толы болатыны белгілі. Кеу-кеулеу, көтермелеу көп болады. Талай қиыла сөйлеген, қимас жандардың қызықты тойын да өткерді. Мағзұмбек аға қай жағдайда да өке өсетіне адалдығынан айныған емес.

Атасы әулие Қалпе ақын болған адам көрнеді. Көпке дейін бір перзентке зар болған Машайық Алладан тілеп жүргенінде осы Мағзұмбек туады. Арты құтты болады. Соңынан өргендер баршылық. Әкесі ферма меңгерушісі, шешесі сауыншы болған бала Мағзұмбек соғыстан кейінгі ауыр жылдарда бұғанасы қатпасаң колхоз жұмысына ерте араласты. Бозбала шағында-ақ бұрқыратып өлең жазды, атасынан тараған қасиет болса керек. Терісаққан, Қорғасын ауылдарының арасын шаңға бөктірген жігерлі шофер болды. Еңбегімен ауданға, облысқа танылды. Жастар слетінің төріне жайғасты. Өлеңінен қол үзген жоқ, қайта машинамен жүйткіген сайын шабыты шалқып, жыр шумақтарын үйдіктеріп жазса түсетін. Аудандық, облыстық газет беттерінде өлеңдері жиі жарық көрген соң Мағзұмбек Машайықұлының есімі көпшілікке таныла бастады. Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінің редакторы Ишанбек Жауыртаев ақын жігітті редакцияға қызметке шақырып, 1967 жылы ол газеттегі еңбек жолын бастаған еді. Алайда, армандап, аялаған сүйген жары Нұрғұлмен бас қосып, жас отау көтерген Мағзұмбек Жездіден гөрі Қарағандыға қарай көбірек ойысып жүрді. Өйткені өмірлік жары өлі пединституттың 3-курсында оқытын. Осыған орай жас журналист Қарағандыға біржола ауысып, 1968-1973 жылдары облыстық радиода қызмет істеді. Қалам қарымын еркін танытатын кезі келді. Ел көрді, жер көрді, шығармашылық ортада ысылып, шыңдалды. Өзі де осы Қарағанды педагогикалық институтын тәмамдап, жоғары білім алған болатын.

Содан төрт-бес жылдың бедерінде туған өңірге оралды. Ол кезде Ұлытау ауданы өз алдына жеке шаңырақ көтеріп, бұрын жабдылып қалған «Ұлытау өңірі» газеті қайта жарық көрген еді. Мағзұмбек аға 1973 жылдан бастап осы басылымның ыстығына күйіп,

суығына тоңумен тынымсыз еңбек етті. Алматы жоғары партия мектебінде оқып, журналистік факультетін бітірді. Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданып, осы мәртебелі де жауынгер мамандықты жүрегімен сүйген М. Машайықұлы баспасөз саласында жанын сала еңбек етті. Әуелде редактордың орынбасары болған ол 1977 жылы «Ұлытау өңірі» газетінің бас редакторы болып тағайындалды. Бұл қызметті табаны күркетей 34 жыл бойы тапқырмай атқарған Маған газетпен бірге есейіп, өзімен құрдаса Ұлытау ауданының өлмес шежіресін жасады. Қазақстанның Құрметті журналисі атанған Мағзұмбек Машайықұлы мамандығын қашан да мақтаншы тұтып, оның мәртебесін көтеріп қадірлей білген жан.

Мамандығым журналистік, тілшілік Көз алдыңнан жатады өрбіп тіршілік. Жақсылықты сүйсінесің көргенде Жамандықтан тұрап дәнең түршігіп. — деп жырлайды Мағзұмбек аға «Журналистпін» деген өлеңінде. Осы жылдар ішінде соңынан еріп, қолына қалам ұстаған талай жас буындарды тәрбиелеп шығарды. Зейнет жасынан асқан соң да редакция басшысы болып біраз отырды. Кейін орнын жастарға бергенмен, ағамыз қолдан қаламын тастамай, қатардағы қызметкер ретінде еңбектен қол үзген жоқ. Шыңдығында, бүкіл саналы ғұмырын тапқырлай бір гана газеттің жұмысына арнаған жанға ақжастынан үйде қарап отыру қиын тиген еді. Оның үстіне аяулы жары Нұркешінен айрылғалы жетімсіреп қалғандай күй кешіп жүрген болатын. «Бала-шағаның жөні бір бөлек екен» — дейді. Сыңарынан айрылған аққудай «аһ» ұрып қалғаннан бергі ішкі сезімнің, өмірінің өңегелі ізін, асыл жардың қадыр-қасиетін мөлдіретіп ақ қағазға түсірумен жұбанды. Баспадан 2006 жылы жарық көрген «Сен мен үшін ақ қанат періште едің» кітабы осылай тұды. Мағзұмбек Машайықұлының бұл өмірдеректік хикаятты оның асыл жарға деген өшпес махаббатын ту өткен тағылымды туынды екені даусыз.

Отыз алты жыл отасқан серігім-ай, Ерте екетті-ау өмірден сені Құдай. Орта қалам келгенде адастырың, Көтер деп ойламаппын мені бұлай.

Енді саған мәңгілік құмар жаным, Өзіңді іздеп егіліп, жылдар жарың. Асқар таудағы арманың биігіне, Қайтейін, өзіңді алып шыға алмадым, — деп жыр толғаған Мағзұмбек ағаның аяулы жары Нұрғұлмен арнаған осы бір жинағын тебіренбей оқып шығу шыңдығында мүмкін емес. Бойларындағы кіршіксіз махаббаттың шаңырақ шаттығына ұласуы, отбасының бәреке-бірлігі мен сыйластығы жайлы жұбайлардың жан жадыратар ішкі сырлары кітапта жас ұрпаққа үлгі боларлықтай әсерлі де көркем баяндалады. Мағзұмбек Машайықұлы тегілдіріп төрт кітап жазып шығарыпты. Оның үшеуі – жыр жинағы. Ұлытау



Мағзұмбек Машайықұлы «Saryarqa» газетінің 45 жылдық мерейтойында

тақырыбын талмай жырлап келеді. «Ұлытауда ұпар бар», «Жүркетте ұят-ар болсын», «Ұлытаудың жыр бұлағы» жинақтары оқырманнан өз бағасын алды. Кезінде Мағзұмбек ағамыздың өлеңдеріне қазақтың үлкен ақыны Сырбай Мәуленов: «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген, Мағзұмбекті астанадағы кез-келген ақындармен қатар қоюға болады» деп жақсы бағасын беріп, ақжол тілеген болатын. Ұлытау жыршысы өзінің жырларына адамгершілік, адалдық, имандылық тағылымдарын арқау етеді. Жаманнан жирендіріп, жақсыдан үйренуге үлдейді адамдарды. Мысалы, өзін өлеңдері де көп. Тарихи зерттеулер мен журналистік зерделеуді арқау еткен туындысы да жинақталған. Ақын Мағзұмбектің тайпалған жорғадай келісімін тапқан жырларын оқысаң тұшынып отырарсың. Өзіне-өзі есеп берген бір өлеңінде былай дейді:

Мықтымын ба, мен осы осалмын ба, Бойымдағы барды елге тоса алдым ба? Өз есемді өмірден ала алдым ба? Кінем жоқ па, ағайын, дос алдында?

Ағымына уақыттың ере алдым ба? Айтарымды айттым ба, ел алдында? Көмек сұрап алдыма келгендерге, Қолұшымды тартынбай бере алдым ба?

Ашам деген есікті аша алдым ба? Асам деген асудан аса алдым ба? Құдай берген дарынның арқасында, Лепіргеннің екпінін баса алдым ба?

Иә, Маған алға қойған мақсатына жетіп, айтарлықтай асуға жеткен адам. Ұлытау ауданының Құрметті азаматы. ҚР Ақпарат министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Мемлекеттік тілді насихаттауға қосқан ерекше үлесі үшін облыстық байқаудың бас жүлдесі мен дипломына ие болған. Туған ауданымен үйдің құрдаса қаламгер қасиетті өңірмен бірге жасасып, оның жақсы істеріне жаршы болудан жалыққан емес. Мағзұмбек Машайықұлы көнеңің көзің, ескінің сөзін байыппен ұстаған қаламгерлердің бірі. Ұлытау тарихының төрінең үңіліп, оның кейбір қалтарыста қалып, өшіп бара жатқан тұстарын қолапта үрленгендей қаламымен қайта қаузада аз еңбек тындырған жоқ. «Ел іші — алтын бесік» дейді ардагер ағамыз. Қаламгерлік шығармашылық бастауы да, есіп жетілуі де, ширшып шарықтауы да осы туған жер тесінде өтті. Ұстанымы адалдық, ойы өрелі, бойына сабыр тұнған қазыналы қаламгер жайлы қандай мақтау айтысақ та жарастықты. Жасай беріңіз, жазарыңыз таусылмасын, аға!

Амандық РАХҰЛЫ  
Ұлытау ауданы

## ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# БІР ҚАСИЕТ

### тектінің тұяғына тән еді

Адамдардың (әріне, біздің – қазақтардың) бүгінгі қарым-қатынасы, оның болашақтағы болмысы туралы түрлі-түрлі пікірлер айтылып жүр. Жүрекке жылы тиетіні де, көңілге күдік айтатыні де бар. Мұның бәрі келер ұрпақ қасиетті ата-бабаларымыздың қазақтың өзара қарым-қатынасына байланысты дәстүрлерін сақтаса екен деген тілектен туып жатқаны белгілі. Үміт пен күдіктің араласып жатуы да уақыттың демінен шығып жатқан құбылыс.

Жуырда Алматыда тұратын танысым телефон соқты. Ауылға барып қайтыпты. Көптен ат ізін салмаған туған жерде аунап-қунап жасы жетістінен асқан құрдамы бір жасай қалыпты. Соны айтқан құрдамын көңілі күпті өткен, жүрегің сыздатқан сырларын да айтып, шер тарқатты. Көңілге түйгені, күдік алғаны көп екен. Әсіресе, ауыл адамдарының, оның ішінде, ағайын-туыстың арасындағы қарым-қатынастың кейбір қырлары ұнамапты. «Өкпешіл екен», «Біріңгі үйіне бірі кірмейді екен», «Қаладағыдай олар да «көрек адам, көрексіз адам» деп бөледі екен», «Туыстарын да тойларына таңдап-таңдап шақырады екен»...

Құрдамының бұл айтқандары маған да мәлім еді. КСРО құлаған соң «Капитализм деген не?», «Демократия деген не?», «Дін деген не?» деген сауалдарға жауап іздегендердің бірімін. Бұл үшеуін бізге басқаша оқытты, үйретті, тіпті құбыжық етіп көрсетті. Осы ізденіс үстінде зерттеуші ғалымдардың «Капитализмнің өкім езі тіршілігіне өзі жауапты деген қағидасы туыстық қарым-қатынастарды, балалардың ата-ана алдындағы парызын өлсіретеді, немесе, жояды» деген байламдарын кездестірдім және уақыт өте келе бұл тұжырымның шындық екеніне көз жете бастады.

Құрдамының сыр ақтарыуы өзім жақсы білетін азамат, осыдан тура он жыл бұрын 22 тамызда бақилық болған Орынбек Дәулетбекұлы Әбішевтің бір қасиетін еске түсіріп, көз алдыма екелді.

Орынбек Дәулетбекұлы Бағаналы Найманның XIX ғасырда өмір сүрген белгілі тұлғаларының бірі, 22 жасында болыстыққа сайланып, отыз жылдай ел

басқарған Бузау Толысбайұлының шөбересі болатын. «Бузау болыс өз заманында өділ төрелігімен, кемел кісілігімен ел құрметіне бөленген. Болыстыққа жастай сайланып, әуелде Сарысу болысының, кейіннен Шауыр елінің болысы болады. Жер дауын, жесір дауын өділ шешіп, Бағаналы, Кіші Жүз Тама, Арыс, Қыпшақ руларының арасын ашпай, татулық пен бірлікте болуына күш салған адам» («Бузау болыстық баласы», «Сарыарқа газеті, 26 мамыр, 2017 ж. »).

Өз басым татулық пен бірлікті ту өтіп ұстаған бабамның көпшіл, туысшыл, дос-жаранды қасиеті дарыған азамат Орынбек Дәулетбекұлы деп білемін. Аймақтық «Мысты өңір» газеті 2009 жылғы 28 тамыздағы нөмірінде былай деп жазыпты: «Тектізе тартып туған Орынбектің бүкіл болмысы ізгіліктен жаралған, адамгершіліктен нәр алған өді. Ол туған-туыстың ұйтқысы, алтын арқау дәнекері бола білді, бір қырыда еулеттің ұрпағы бар екенін естісе, соған жетуіге асығаатын, жете алмаса жабығаатын, елдің өр түпкіріндегі туған-туыспен, құда-жеқжатпен, достарымен күніе бір ха-барласпаса, жиі-жиі қауышпаса елегізіп отыратын, ойындағысын ашық айтпай салса да артында зілі жоқ жайдары мінезді, жайсаң жан өді» («Тектінің ұрпағы болатын»).

Орынбек пен Малика Шәріпқызының Жезқазғанның 92-орамында орналасқан бау-бақшалы үйінде адам аяғы үзілмейтін, қонақтардың бірі кетіп жатса, бірі келіп жататын. Ағайын-туыстың, құда-жеқжаттың, дос-жаранның басын жиі-жиі қосып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты шындей түсетін штаб Орекеңнің осы



көттеді болатын. Күнделікті өмірде елеусіздеу көрінетін дүниелерді өзін ағайын-туыстың көз қуанышына айналдырып жіберуші еді. Тіпті кейде: «Осы үйден жылығыз кеткен шығармыз. Тыса жығып демалып қайтайық», — деп бала-шағамызбен Кеңіргің жағасына, немесе, мейрамханаға бастайтын. Осындайда үлкен-кіші де демалып, көңілді қуаныш билеп қалатын. Орекең балапан

«Адамның баласы – бауырың». (Абай).

немере, шөберелеріне, жиендеріне ән салғызып, тапқақ айтқызып, жүлдесін беріп маз-мейрам етіп, қуантып тастайтын. Жүлдеден дәмелі балдырғандар «92-ге қашан барамыз», — дейтін.

Бірде Орекеңе XXI ғасырмен бірге келіп, қазақ арасында да тарай бастаған бақай есепке құрылған қисық сұрақ қойдым. Оның нобайы былай еді. «Сіздің үйде бейнелеп айтқанда, күнде жың, күнде той. Осының шашылудың қажеті бар ма? Мына дос-жаран дегендеріңіз үйлеріне сіздер сияқты жиі-жиі шақыра ма?»

Әлі есімде Орекең менің сауалдарыма былайша жауап берген еді:

– Екінші сұрағыңыздан бастайың менде ондай ұсақ есеп жоқ, Бізді шақыра ма, шақырмай ма, бұл маңызды емес. Ең бастысы – біздің қарым-қатынасымыздың таза, адал болуы және балалардың оны жалғастыра білуі. Орекеңнің өзінің асып-тасып жатқан баллығы да, ақшасы да жоқ екенін айта келіп, былай дегені жадымда жатталып қалыпты:

– Балтеке, ертең мен жоқта бауырларымыз, балаларымыз туысқандық, достық қарым-қатынасты уәбесе екен деп армандаймын. Бәрі бір қазақтың баласындай бауыр болса екен деймін. Осының бәрін сол үшін жасап жүрмің, маған жақсы атанудың тұқ қажеті жоқ.

Адам деген атымыз бар емес пе, ойлану қалдым, әлі де ойлану жұрмің. Орекең капитализмнің өзім кездестірген қағидасын білді ме, білмеді ме, ол жағы белгісіз. Белгілісі тектінің тұяғында ұрпағының ертеңін ойлаған қасиеттің бар болғаны.

Марқұмның ой-арманы орындалсын! Қабыл болсын!  
Балтабек ӘБЕУОВ,  
зейнеткер.  
Суретте: Орынбек Дәулетбекұлы.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## АЙДАРБЕК БАТЫР

немесе Әлжекең айтқан әңгіме

Кезінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарған еңбек ардагері, Жезқазған қаласындағы қоғам белсендісі Әлжаппар Әбрезулының Астанадағы Қазақстан Қарулы күштері ұлттық әскери-патриоттық орталығының әскери-тарихи музейіне құнды мұра ретінде Айдарбек батырдың ақсауыты мен қаруын тапсыру рәсіміне қатысқаны туралы осыдан бірер жыл бұрын естіген едім. «Бұл тағы қай батыр болды екен» деп ойлағам да қойғам. Жақында баспасөз бетінде жарияланған бір материалдан: «Айдарбек батыр Әрісұлы XVII ғасырда қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданы өңірінде өмір сүрген. Ол жоңғар, қоқан, хиуа басқыншыларына қарсы ұлт-азаттығы жолында күрескен ерлердің бірі» деген деректі оқыған соң Әлжекеңмен жолығуға асықтым. Музейге тапсырылған деректің жайы мен Айдарбек батырға бұл кісінің қандай қатысы барлығы қызықтырған еді мені.



Әлжекең әңгімесін ерден бастады. Қазақ хандығы құрылған кезеңде түркі тектес батыс моңғол халықтарының тобы, будда дінін ұстанатын қалмақтардың ары аталары саналатын Жоңғар (ойрат) мемлекеті де бой көтерген еді.

Бұл тұста халықаралық жағдай шиеленісіп тұрған кез. Сол кездегі үлкен мемлекеттер өздеріне жаңа аумақтарды қосып алуға өзара талғасуы жатқан болатын. Бірінші Петрдің ұстанған саясатына орай Батыстан Ресей империясының қазақ жеріне ықпал жүргізе бастауы бөлен алса, Шығыстағы қытай империясы тарапынан да басқыншылық қауіпі аз төнген жоқ. Осындай күрделі жағдайды пайдаланған жоңғар-қалмақтар көрші елдердің түртіпкестігімен 150 жыл бойы, 1599-1750 жылдар аралығында қазақ жеріне ұдайы шабуыл жасап жортуылдап жүрді. Осындай жауершілік заман қазақ батырларының көптеп шығуына жол ашқаны анық. Айдарбек батыр да сол аласапыран заман тудырған, Сыр бойынан шыққан батырлардың бірі.

Батырдың теңі – Әлімұлы Шекті болды. Шекті екіге бөлінді. Сыр Шектісі мен Қыр Шектісі. Сыр Шектісі – Жақайым, Есенәлі, Айдарбек. Айдарбек батырдың Алтынбай, Күлік, Ардана, Татыран атты төрт баласының ұрпақтары төрт ру-

лы елге айналып, Арал теңізінің солтүстік жағалауын мекен еткен. Ұрпақтарынан ел қорғаған батырлар көптеп шыққан, ел танитын билер де бар. Атап айтқанда Алтынбай батыр, Күлік батыр, Ардана батыр, Татыран батыр, Тайлақ батыр, Танық батыр, Жәңке батыр ері би, Сарыайғыр батыр, Сары батыр Түйтеулы, Ақұлақ атанған Арыстанбай батыр, Төлеш батыр Бұқарулы, Бекмырза Батыр Әлдіұлы, Қарашолақ батыр Қорлыбайұлы, Саман би, Қазанғал әулие Байтөреұлы сияқты елге танымал жандар аз емес. «Ал енді бұл батырларға менің қаншалықты қатысым бар деп отырған боларсың. Ұлытау өңіріндегі Найманның атақты биі, батыры Уәйс Байжанұлы менің төртінші атам. Ал жоғарыда айтылған Сары батырдың Тоқты ақын деген қызынан

«Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүзірген аңның тозатын ұланғайыр аймақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттық болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мұрас етті».

(Рухани жаңғыру бағдарламасынан).

Уәйс бабамыз туады. Бабамыздың нағашысы Сары батыр Түйтеулына келсек, бұл кісі Айдарбек батырдың Алтынбай деген баласының ұрпағы. Уәйс би нағашысын қатты құрметтеген көрінеді. Жас кезінде әдейілеп іздеп барып сөлем беріп, біраз уақыт жанында болып, батасын алған екен.

– Осыған орай, мені «Сары батырдың жиен немересі» деп Сыр өңіріндегі батырдың ұрпақтарына таныстырып, Айдарбек батырдың ұлықтауға арналған іс-шараларға қатысуыма Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері Бақытжан Ахметбек себепкер болды. Осы бауырымның зерттеу еңбектерімен таныса келіп, Айдарбек батыр мен оның ұрпақтарының тарихына тереңірек қаныға түстім, – дейді Әлжаппар Әбрезулы.

Жалпы Айдарбек батыр туралы тарихи деректер мүлдем аз көрінеді. Бірақ, ел аузында қалған әңгімелер баршылық. Қазақ халқының тарихындағы шерлік кезеңде өмір сүрген батыр «Ақтабан шубырынды, алқакөл сұлама» аталған сұрапыл заманда жоңғарлармен болған шайқастарға белсене қатысқан. Қалмақ қолбасшысымен жекпе-жекке шығып дұшпанының басын шауып түсіргені, 80 жасқа дейін жортуылда жүргені, кезекті бір ұрыста ауыр жараланып, алыс жерден елге жеткен соң көз жұмғаны туралы ел ішінде көп әңгімелер бар екен. Ұрпақтары да шетінен батыр болып, жоңғарлармен кескілесіп, қоқан, хиуа хандықтарының озбырлығына қарсы тұра білген. Есімдерін Сыр сұлейлері жырга қосқан. Солардың бірі – Айдарбекке шебер болып келетін Сары батыр. Ол батырлығымен қатар тоқсан ауыз сөздің түйінін тарқата білген би болыпты. Оның қызы Тоқты да теңін адам болмаса керек. Екі ұлдан кейінгі әкесінің жалғыз қызы болған соң Сары билік айтуға

барғанда жанында бірге еріп жүріпті. «Әке осының билігін мен айтайыншы» деп әкесінен дауға төрелік айтуды сұрап алады екен. Сонда билігінің шешімін ылғый өлеңмен келтіреді дейді.

Әлжаппар ақсақалдың айтуында, жастай билік айтуға араласып, әр сөзін жиырма кестелейтін қасиетіне байланысты Тоқты ақын атанған көрінеді. «Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан» демекші, халқына жасаған қалтқысыз қызметімен құрметке бөленіп, Арқа еліне аты мәшһүр болған Уәйс би осы Тоқты андан тұған Найман Бағаналы елі ішіндегі Ақтаз, Сейіт, Бабас руларының 25 жылдай болысы болған Уәйс әділдігімен халықтың құрметіне бөленіпті. «Уәйс ер қара қылды қақ жарғандай» деп Баржақсы ақын жырга қосса, «Болыс дегенше, Уәйс десеңші, Толқыны тарап ағыс десеңші. Атағы Сырға, Қырға да мәлім, Серліні жойқын барыс десеңші», – деп Қоңыраулы Қарадос би баға берген айтулы тұлғаларымыздың бірі. Уәйс Байжанұлы жобамен 1796 жылы туған. Ел билеген болыс болуымен қатар айтқаны дуалы би ретінде де танылады. Кенесары ханның қозғалысына қатысқан батыр адам болған. Ел арасындағы айтулы тұлға ретінде Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленгенін Ұлытау өңірінің халқы жақсы біледі.

Уәйсдің әкесі Байжан бақуатты бай адам болыпты. Заманында бұлардың ауылы Қызылорда өңіріндегі Телікөл

сында «Ақ сауытты Айдарбек батыр» аталған дейді. Осыны негізге алған мүсіншілер ат үстіндегі батырдың бейнесін жасап, Арал қаласында ескерткіші қойылыпты. Әлжаппар ақсақал да 2015 жылы 26 қыркүйекте өткен ескерткіштің ашылу салтанатына шақыртылған болатын. Осы жайларға қаныққан соң музейге тапсырылған жәдігердің жайына да тоқталдық. Батырдың сауыты бұған дейін қайда болған дейміз ғой бағяғ. Оның да біршама тарихы бар екен. Батырдың төркезде тоқылған сауыты ұрпақтан ұрпаққа өтіп, әркімнің қолында болса керек. Баласы ауырған адамдар ырым етіп, бастарына жастанады екен. Сондай ырыммен



етегі шамалы кесіліп қалыпты. Қазірдің өзінде таза салмағы 9,5 кило көрінеді. Әуелде 20 килодай болған деген болжам бар. Осыдан екі-үш жылдай бұрын еліміздің әскери-тарихи музейіне қоярда сауыт пен қылышты арнайы мамандар жан-жақты тексерістен өткізіп, ерте замандағы батырдың мұрасының тұнбасы екенін анықтаған. Музейі қорына қабалдарда ұрпақтарын шақырған. Солардың қатарында Әлжаппар Әбрезов те арнайы шақырылып, баласы Расул екеуі іс-шараға қатысыпты. Ақсауыт пен қылыш музейдегі ауа кірмейтін арнайы өңкелетін қорапқа қойылыпты. Батырдан қалған мұра енді жас ұландарға әскери-патриоттық тәрбие беретін көделі жәдігерге айналды.

Ел қорғаған батыр бабаларының өнегелі жолдарын жаңғырта білу – ұрпақ парызы. Осы орайда Әлжекеңнің ұлы нағашыларына балаған Айдарбек батыр мен оның ұрпақтарының өткен жолы мен тарихын зерттеуге келіп, оған бабаларың да ұйыта білуің ұрпақ сабақтастығын жалғастырудағы ұлағатты іс десек болады.

Аманды РАХУЛЫ

Суреттерде: Батырдың ескерткіші; Расул Әлжаппарұлы ұлы нағашысы Айдарбек батырдың сауыты мен қылышын тағып, музейге өткізгенде ырымға балап тұрған сәті.

## ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

## АСПАН АСТЫ МҰРАЖАЙЫ

Қарағанды облысы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аймақтық эксперттік кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Мақсат – бағдарламаның маңызды жобасы «Қазақстанның киелі жерлері географиясының» болашағы мен проблемасын сөз етуді.



Expertтік кеңестің көшпелі отырысына жетекші ғалымдар, өңірдің белгілі қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері қатысты. Атап айтсақ, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің төрағасы Гүлнәр Құрбанбаева және кеңес мүшелері: облыс әкімінің кеңесшісі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Р.К.Омарбекова, ғалым, медицина ғылымдарының докторы В.Б.Молотов-Луначский, филология ғылымдарының докторы Н.Ы.Бекетова, техника ғылымдарының кандидаты Г. Жақсыбаева, Қарағанды облысы кәсіпкерлер қауымдастығының атқарушы директоры С.М.Санаубаев т.б.

Бірінші атбасын тіреген жеріміз, Тобылдың қорымы, ол Шет ауданында, Талды ауылынан 9 шақырым және Қаражартаст қорымынан 4 шақырым қашықтықта орналасқан. Биылғы жылғы зерттеулер Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ жанындағы Сарыарқа археологиялық институтының қызметкерлері жүргізіліп жатқан көрнеді. Оған басшылық ететін тарих ғылымдарының кандидаты Игорь Алексеевич Кукушкин мырза екені, оның тізгінді қолға алып, келген делегация құрамына атқарылып жатқан жұмыстар туралы бірден баяндама жасағанынан-ақ көз жетті. Олар, Қорған-2,-3,-4,-5 жасаған қазба жұмыстарында екі адамның және екі баланың мәйіті табылғанын, алтын сырға, білезік пен шолпы, қыштан жасалған 10 шақты құмыра-ның табылғанын айтты. Бұл бұйымдар қола дәуіріне жатады, яғни б.д.д. 15-18 ғасыр.

Бұдан кейінгі, Орта ғасыр дәуірінің қазба жұмыстары жайлы мәліметті Қарағанды облысы тарихи-өлкетану мұражайының орынбасары Дәурен Жүсіпов айтты. Археологтардың мәлімдеуінше осыдан санаулы

жыл бұрын қола дәуірі кезінде жерленген күйме арбамен жүретін жауынгердің қабірі ашылғандығы сөз болды. Шет ауданындағы қабір ескерткіштерін зерттеу барысында жүген ауыздығымен бірге көмілген жылқы, найзаның тастан қасалған ұшы, садақ оғының тастан жасалған ұшы, найзаның қоладан жасалған ұшы, алтын жалатқан салпыншақ пен көптеген керамикалық ыдыс-аяқтардың қосарланып жерленгені анықталған.

Біздің дәуірімізге дейінгі 8-5 ғасырдағы Сақ дәуірінің қорғандары жайлы ақпаратты Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ басшысы және эксперттік кеңес мүшесі Түлкібай Төлеуов айтып берді. Ол қоладан жасалған жебе ұштары мен пышақ т.б. бұйымдарды келтірді.

Өткен жылы интернет желісінде Қарағанды облысының әкімі аймақтағы археологиялық қазбалар мен олардан күтілетін нәтижелер жоспарын құрып, ортаға салуды тапсырып, ол сонымен қатар ежелгі қола мәні анықталған жерлерде туристік базалар жасау керектігін атап өтті, деп өңір басшысының ресми сайты айтқан болатын.

Онда Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов жұмыс сапарымен Шет ауданында болып, 2016 жылы анықталған Қаражартаст қорымындағы Қазақстан үшін бірегей болып табылатын сатылы Пирамида түріндегі ежелгі мазардың табылғандығы айтылады. Сарыарқаның пирамидасы мұндай мазарлардың ең көнесі, әрі ірісі екені анықталыпты. Бүгінде ол реставрациядан өткендігіне көз жеткіздік.

Осы «Сарыарқа пирамидасы» талай археологиялық жаңалық ашылуына себеп болса керек. Оны Қазақстанның киелі жерлерін ЮНЕСКО арқылы насихаттап жүрген

жерлесіміз біздің ҚарМУ-дың түлегі Виктор Новоженовтың аузынан естіп қуанышқа бөлендік. Қола дәуірінде және одан бұрынғы андрон мәдениетіне тән үлгілер сақталумен қатар, жаңа жерлеу ғимараттары, тұрғын үйлер пайда болып, жерлеу салты, өзіндік шаруашылық түрлері қалыптасады. Жаңа мәдениет қауымының жоғарғы лауазымды билеушілеріне арнап салынған қақпақ тастардан тұрғызылған зәулім кесенелерімен, мәйітті бір қырынан, аяқ-қолын бауырына жинап, сонымен қатар, шалқалатып жерлеу, олардың жандарына қару-жарақ, әшекей бұйымдар қою ғұрыптарымен ерекшеленеді.

Бөгезы – Дөңдібай мәдениетінің кесенелері күрделі сәулет өнері ескерткіштеріне жататындығы. Олардың көбіне дөңгелек, төртбұрышты болып келетіндігі. Ғимараттардың үсті қақпақ тастармен немесе жуан бөренелермен сатылы (пирамидалы) әдіспен жабылып, мәйіт ортадағы ұлкен тас жәшіктерге жерленетіндігі бар сөз алған археологтардың аузынан шыққан еді.

Осыдан кейін Ақкөзек және Бада қорымдарына бардық. Ол жердегі өңгіме тізгінін Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымы Ерлан Әміров алған болатын. Ол 80 тарта тұрғын үй құрылыстары жайлы айтты. Қабырғасы, іргесі таспен өрілген 4 - 6 бөлмелі үйлермен қатар, бір-екі бөлмелі жер келе және киіз үй пішінде құрастырмалы жеңіл үйлер де көп болған. Олардың орта тұсында немесе шетінде биіктеу етіп тастан салынған төртбұрышты гибадат ету орындары бар екендігі сөз болды. Әрбір үлкен қоныстардың айналасында 3 — 5 шағын мекендер болған. Бұл жерлерді қоныстанған тайпалардың басым көпшілігі мыс балқыту, керамика жасау, егін егумен, мал шаруашылығымен айналысқан.

Біздің заманымызға дейінгі 2 мыңыншы жылдықтың екінші жартысына жататын Ақкөзек қалашығының жалпы аумағы 10 гектардан асады. Зерттеу барысында қорымнан үлкен қалаларда ғана кездесетін гибадатханаға ұқсас нысан табылған. Қабырғалары гранит-



пен өрілген, оңтүстік-батыс бұрышында 1 метрлік стелласы бар құрылыс ғалымдарды ерекше қызықтырды.

Сондай-ақ, осы Талды өзені бойында орналасқан «Сенкібай-2» қорымынан да археологтар жылқының сүйегі, қыш ыдыстар, қола моншақтар мен әшекей заттарды таппақ. Онда екі ат салып жерленген бейіттер ашылып жатыр.

Иә, бұл тарихи мекенді зерттеп, оның ежелгі тарихымыз үшін маңызын айқындаған ғалым – әйгілі академик, тарихшы, этнограф Әлкей Марғұлан болатын. Осы ғалым бастаған арнаулы археологиялық топ Бөгезы – Дөңдібай мекенін 1947-1949 және 1952 жылдары жан-жақты зерттейді. Осы зерттеулер негізінде Қазақстан тарихы ғана үшін емес, көне дәуірлердегі жалпы адамзат та-

рихы үшін маңызды ғылыми қорытындылар жасалады.

Араға төрт мың жылға жуық уақыт салып, сонау сақ, ғұн, түрік бабаларымызбен жүздеген әсерде болдық. Бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы ұлттық кодты қалпына келтірудегі таптырмайтын құрал екені айтпаса да түсінікті тәрізді.

Егер бізге бар өркеніте Еуропадан келген деп санамызға құйса, енді ол пікірден арылудың ең тиімді жолы ашылған тәрізді. Ол «Аспан астындағы мұражай» жобасы. Іске сәт ағайын!

Бақытқали МҰСАБЕКОВ, Қарағанды облысы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің бас меңеджері, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

## ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОО – МІНДЕТ!

## ҚОҒАМ ДЕРТІМЕН КҮРЕС ЖОЛЫНДА

Жыл басынан Қарағанды облысы көлемінде тұрмыстық жемқорлыққа қарсы әрекет ету мақсатында мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы іске қосылған-ды. Бүгінде аталған бағдарлама аясында өңірлерде, оның ішінде Жезқазған қаласында да әр саладағы жемқорлық фактілерін болдырмауға бағытталған шаралар сәтті жүзеге асырылуда.

Олардың ең ауқымдысы – қалалық әкімдік ғимараты жанынан ашылған фронт-офис. Бүгінде фронт-офисте мемлекеттік мекеме қызметкерлері тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, мемлекеттік қызмет көрсетумен қатар, құқықтық кеңес береді. Тіпті, онда қала әкімі Қайрат Бегімов те уақыт тауып тұрғындардың арыз-шағымына құлақ асады. Күні бүгінге дейін фронт-офиске келген жезқазғандықтардың басым көпшілігі коммуналдық сала қызметінің жұмысына көңілі толмайтындарын жеткізген. Арнайы құрылған үгіт-насихат топтарының мүшелері де жұмысты күшейтіп, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қоюда анып қалмауда.

«Жезтағлым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, қалалық мәслихаттың депутаты Хансейіт Бөлен бастаған топ Жезқазған тарихи-археологиялық музейі мен мамандандырылған кәсіп басқармасы қызметкерлерімен кездесіп, жемқорлық ел дамуын тежейтіні жөнінде өңгіме өрбітті. Әрі пара берген мен алған тұлғалар заң алдында жауап беріп, қылмыстық іс қозғалатынын ескертті. Мұндай түсіндірме жұмыстары қаладағы білім беру

мен медицина ұжымдарында да өткізіледі. Бүгінде қала мектептері мен колледждерінде «Адалдық дүкендері» ашылған. Дүкеннің ерекшелігі – сатушының жоқтығы. Оқушылар мен студенттер өзіне керек оқу-құралдарын сөреден алған соң, ақшасын кассаға тастап кетеді. Осылайша, жастар өз бойында адалдық қасиетін қалыптастырып, біреудің ала жібін аттамауға дағдыланады.

«Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасына қаладағы барлық мемлекеттік мекемелер үн қосқаны қуантады. Мысалы, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маман-заңгері Қайратай Бектұрған мәдениет қызметкерлерімен кездесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолдары тақырыбында құқықтық сағат өткізе, қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі ашық есік күнін ұйымдастырды. Ашық есік күнінде жергілікті кәсіпкерлерге мемлекеттік «Бизнестің жаңа картасы – 2020», «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалар кеңінен түсіндіріліп, әр мекемеде мемлекеттік қызметтерді ешбір кедергісіз алу мүмкіндігі барын айтты. Қалалық



жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі де түрлі форматтағы шараларды өткізу арқылы мемлекеттік қызметкерлер мен тұрғындардың жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін қалыптастыруға атсалысты.

Ауыл тұрғындарына да мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету на-

зардан қалған емес. Кеңгір селолық әкімі аппараты «Электронды Үкімет» порталы арқылы пайдаланушылардың үлесін арттыру мақсатында әкімдік ғимаратында-өзі қызмет көрсету бұрыштарын ашты. Енді кеңгірліктер мемлекеттік қызметтерді қашықтан, яғни Жезқазғанда орналасқан халыққа қыз-

мет орталығына бармай-ақ, қалаған құжатын ғаламтор желісі арқылы алу мүмкіндігіне ие болды.

Еліміздің білім беру саласына өңгізілген «Білім ал» автоматтандырылған жүйесі де жемқорлықтың алдын алуды мақсат тұтады. Бұл жаңашылдық ата-ана оқушының оқу үлгерімін электронды түрде қадағалауға жол ашты. Сонымен қатар, былдан бастап 1-сыныпқа баратын оқушының құжаттары осы жүйе арқылы қабылданады. Ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру арқылы тұрмыстық жемқорлыққа тосқауыл қойылуда.

«Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасының міндеттерін таныстырып, халықтың мемлекеттік мекемелерге деген сенімін арттырып, тұрғындардың жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында әр аптаның сәрсенбісі сайын адам көп шоғырланатын орындарда кездесулер өтеді.

Бүгінде әр салада тамырын тереңге жайған сыбайлас жемқорлықтың түбіне балта шабу мүмкін болмай тұр. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан жемқорлыққа қарсы күрес те оны мүлдем жоюға қауқарсыз. Әр қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруды өзінің міндеті санап, қоғам болып күрескенде ғана ол түп-тамырымен жойылары сәзсіз. Ендіше, әркім өзінен бастауы қажет.

Диана ОРАЗАЛИНА

# АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ



Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов бастаған еңбек ардагерлері Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің конференция-залында бас қосты. Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында өткен жиында 50-ге тарта ардагер қатысып, тарих пен тағлымға толы мысты шаһардың кешегі мен бүгінгі жайлы сөз қозғап, жарқын естеліктерімен бөлісті.

Іс-шара барысында бытыр жылы мерейтойын атап өткелі отырған, көп жыл тау-кен-металлургия саласында еңбек етіп, тоқсанның төріне қадам басқан ақсақал Хатташ Ұлданов, сексеннің сөңгіріне шыққан қаламыздың алғашқы құрылысшыларының бірі Валентина Горбова және Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, білгір педагог Нүрия Жұмажанова мен медицина саласында қырық жылдан астам еңбек еткен ақ халатты Надежда Антонованың есімі ерекше аталды.

– Жезқазған қаласы – менің баламмен құрдас. Қаланың 65 жылдық ғұмыры менің көз алдымда өтті. Осынау мерейлі мерекемен барлық қала тұрғындарын құттықтаймын, – деген Хатташ ақсақал шараға жиналған қауымға жастық шақ естеліктерін өңімелен берді. Шара барысында қаланың алғашқы іргетасы қаланған шақтаң, қазіргі кезеңге дейінгі баяндалатын бейнеролик көрсетілді. «Жезқазған маржандары» хор ұжымы әннен шашу шашып, Неониса Островская алғашқы құрылысшыларға арналған жыр тартуын оқып берді. Сондай-ақ, белсенді қариялар марапатталып, гүл шоқтары табыс етілді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## КОНФЕРЕНЦИЯ

# ОРТАЛЫҚҚА – 30 ЖЫЛ

Өткен ғасырдың 80-жылдардың аяғында Қазақстанның әр аймағында ғасыр дерті саналда болған және – ЖИТС-ке қарсы күрес орталықтары ашыла бастады. 30 жыл ішінде атқарылған жұмыстар, нәтижелер мен болашақтағы бағыттар медициналық орталықтар өткен ғылыми-практикалық конференцияға арқау болды.

Қазақстанда АИТВ індетін жұқтырудың бірінші фактісі 1987 жылы тіркелген. Науқас бір жынысты қарым-қатынаста болған және Африка елінде ұзақ жылдар бойы әскери аудармашы болып қызмет еткен. Аталған эпидемияны жұқтырғандардың саны 1988 жылы 7 адамға дейін жетті. Көрсеткіштің жыл санап артуы өлімдің әр өңірінде орталықтардың ашылуына себеп болғаны сөзсіз. Осылайша, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бұйрығымен 1989 жылдың 25 тамызында Жезқазған облыстық ЖИТС орталығы ашылды. Орталық қызметін бастаған уақыттан бастап аймақта ЖИТС-ке қарсы қарқынды күрес жүргізіліп келеді. Конференция басы дәл осы күресте аянбай еңбек еткен қызметкерлерді марапаттаудан басталды. Қарағанды



ды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығының Жезқазған бөлімі меңгерушісі Гүлнәр Тельбаеваға «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, аталған бөлімнің инфекционист дәрігері Ләззат Мұхамедиеваға «Кәсіби жетістігі үшін» медалі табысталды. Тағы бірқатар дәрігер,

медбикелер Жезқазған қаласы әкімінің, медицина қызметкерлерінің салалық кәсіподағының, Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің, Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығының алғыс хаттарымен марапатталды. Бұл күні сала ардагерлері де назардан тыс қалмай, арнайы

сый-сияпатқа ие болды.

Конференцияның алғашқы сөзін алған Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова конференция жұмысына сәттілік тілесе, Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығының Жезқазған бөлімі меңгерушісі Гүлнәр Тельбаева бүгінгі таңда дүние жүзінде АИТВ жұқпасымен шамамен 40 млн-ға жуық адам өмір сүріп жатыр деген мәліметпен бөлісті. Тек бір ғана 2017 жылы аталған індетті әлемде 1,8 млн адам жұқтырса, сол жылы бұл аурудан 940 мың адам қайтыс болған. Ал Қарағанды облысында айқын дертті жұқтырғандардың саны бес мыңнан асса, Жезқазған аймағында 75 тұрғын тіркелген.

Конференция барысында АИТВ инфекциясының анадан балаға берілуі, антиретровирус терапия, Жезқазған аймағындағы есірті қолдану оқиғаларына талдау, тұрғындар арасында ақпараттық-насихат жұмыстарының күшейтілуі, әсіресе жастардың сауаттылығын арттыру, ЖИТС-тің алдын алуда үкіметтік емес ұйымдарының атқаратын қызметі тақырыптары бойынша баяндамалар тыңдалып, талқыға салынды.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияның қорытынды бөлімінде қатысушылар тұрғындар арасында ақпараттық-насихат жұмысын күшейтеу мақсатында қоғамдық бірлестіктер мен медициналық мекемелердің өзара әріптестігін нығайтуға уағдаласты.

Бота ШАЛҚАР  
Суреттерді түсірген  
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

# МЕМЛЕКЕТТІК ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ – ОБЪЕКТИЛЕР мен МІНДЕТТЕРІ



Мемлекеттік фитосанитариялық бақылау есімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау түсінігі – уәкілетті органның өз құзыреті шегіндегі қызметінде Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының талаптарын орындау барысында жеке және заңды, лауазымды тұлғалардың заңдылықтарды сақтауын бақылау. Уәкілетті орган – мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелері. Қала аумағында есімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға – өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор. ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы 15-бабына сай «мемлекеттік фитосанитариялық бақылауға жататын объектілер: 1) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ететін орындары

болып табылатын ауыл шаруашылығына арналған объектілер, автомобиль жолдарының, темір жолдардың бөлінген белдеулері мен күзет аймақтары және өзге де аумақтар, сондай-ақ өсімдіктен алынатын өнім; 2) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер; 3) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын арнаулы техника мен пестицидтер (ұлы химикаттар); 4) арнаулы сақтау орындары (көміңділер) болып табылады». Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік фитосанитариялық бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады. Тексеру ҚР «Кәсіпкерлік Кодексіне» сай жүргізіледі. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруда тексеру өзге нысанда ҚР «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңына сай жүргізіледі. Заңның 17-бабы мемлекеттік фитосанитариялық бақылаудың міндеттеріне: 1) фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілуі; 2)

пестицидтерді сақтау, тасымалдау және қолдану; 3) фитосанитариялық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуіне және табыс етілуі және т.б. жатады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылы 29 маусымда «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ, оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №15-02/584 бұйрығы шыққан және 2016 жылы 19 мамырда №225 бұйрығымен тапсыру мерзімдері өзгерген. Фитосанитариялық есептіліктердің 8 түрі бар: 4-еуі жылдық 20-шы қаңтарға дейін, 2-уі жартыжылдық 20-шы қаңтар мен 20-шы шілдеге дейін, 2-уі айлық наурыз-қыркүйек айларының 20-на дейін тапсыру міндетті. Тапсыру мерзімдері сақталмаған жағдайда ҚР ӘҚБТ Кодексінің 403-бабы 1-тармағына сай айлық есептік көрсеткіштің 10 есе мен 20 есе аралығында айыппұл салынуға жатады. Қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруда және зиян тигізудің экономикалық шегін көп зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды өз есебін жүргізу міндетті. Мемлекеттік фитосанитариялық бақылау жүргізу – ауыл шаруашылығына арналған объектілер мен есімдік шаруашылығы өнімдік есімдік зиянкестерінен, ауруларынан және арамшөптерінен қорғауда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізгенде пестицидтердің адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмауға азық-түлік қауіпсіздігін сақтау мен қалыпты фитосанитариялық ахуалды қалыптастыруда атқарылатын қызмет.

Мүхит ДАУТБАЕВ  
«ҚР АШМ АӨК ММК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің бас маманы, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдауды алу туралы азаматтарды бірыңғай қабылдау күні» акциясы өтті. Акцияның негізгі мақсаты – «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен даму институттарының тұрғындармен еркін диалог алаңын құруы арқылы, азаматтар жағдайымен танысып, көмек қолын созу.

Акция барысында Жезқазған қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Фархад Нұрәулетов тұрғындар сауалына жауап берді. Қабылдауға келген тұрғындар арнайы материалдық көмек алу, еңбекқанды талап ету сынды мәселелері бойынша түрлі сауалдар қойды. Эксперт маман Жанар Майқанова тұрғындарға арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, акция жұмысы туралы ақпараттандырды. Алдағы уақытта көтерілген мәселелер бойынша нақты шаралар қолданылатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН  
Суретті түсірген Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

# КЕҢЕС АЛДЫ

«Nur Otan» партиясының «Кедергісіз келешек» атты партиялық жобасы шеңберінде партияның Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында партия экспертi Жанар Майқанованың жетекшілігімен ашық есік күні өтті. Ашық есік күніне Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығының басшысы Абай Әзімбаев және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі Мұрат Райымбеков мүмкіндігі шектеулі қала тұрғындарын қабылдап, олардың сауалына жауап берді. Мамандардың алдына келген тұрғындардың басым көпшілігін жәрдемақы алу, жұмысқа орналасу, арнайы оқыту курстары мәселесі толғандырды.

– Тұрғындар орталыққа көбінесе жәрдемақы мәселесі бойынша хабарласады. 2019 жылы жәрдемақы төлеу үшін Қарағанды облысы бойынша 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Айына 200-ге тарта тұрғынды қабылдап, оларға жұмыс тауып беруге тырысамыз. Мамандық бойынша жұмыс табылмаған жағдайда, жастар практикасы бағдарламасы бойынша немесе қайта даярлау курстарынан өтуге жолдама береміз. Қайта даярлау курстарында білім алып жатқан тұрғындар да баршылық. Дегенмен, ұсынылған жұмыстардан айлығның аздығын алға тартып, бас тартатындар да табылады. Жұмыспен қамту орталығы 86% көмек сұрап келген тұрғындарға кәсіп ұсынады, – деді Абай Әзімбаев.

Ашық есік күнінде кеңес сұрай келген барлық қала тұрғыны мамандардан тілсіз жауап ала алды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

# МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫ «ҒИМАРАТ ҚҰРЫЛЫСЫ – ЗАҢДЫ»

«Мир» даңғылындағы 51-үйдің тұрғындары редакцияға хабарласып, үйдің артында жаңа нысанның құрылысы басталғанына шағымданды. Бұл нысан тұрғындарға ыңғайсыздық тудырмай ма деп алаңдаған оқырмандардың сауалы бойынша жауапты мекемелерден жауап алдық.



– Аталған мекенжайдағы 130 шаршы метрді құрайтын жер телімі 2006 жылы жеке меншікке берілген, – деді жер қатынастары бөлімінің бас маманы Марғұллан Сейдахметов. Мешік иесі кафе-бар салуды жоспарлаған. Бірақ, қазір жерді пайдаланудың мақсаты өзгерген. Ол жөнінде сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Махмұд Смайлов айтты.

– Былтыр сәуірде бұл жерді Әділет Дошанов деген азамат Нұрилла Баймағанбетовадан сатып алып, мақсатын өзгертті. Енді аталған жерде үш қабатты (жертөлени қоса алғанда) бизнес-орталықтың құрылысы жүргізіледі. Құрылысты бастау үшін тиісті мекемелердің, атап айтқанда Қарағанды облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақы-

лау басқармасының, электрмен жабдықтау кәсіпорнының, сондай-ақ, қалалық жылумен, сумен жабдықтау мекемесінің рұқсаты бар, – деді. Сонымен қатар, ол Мир 51 Б мекенжайындағы ғимарат көрші үйдің 1-3 қабатындағы пәтер тұрғындарына ешқандай ыңғайсыздық келтірмейді деп сендірді.

Ал тұрғын үй инспекциясының басшысы Аліса Сағымбаева тұрғын үйдің аумағындағы жер condominiumға жатпайтынын мәлімдеді. Яғни жер мемлекеттің меншігінде болғандықтан оны сату заңды болып табылады. Ендеше, Мир даңғылындағы 51 үйдің тұрғындарына басталғалы жатқан құрылыс заңсыз деп алаңдауға негіз жоқ.

Өз тілшіміз

# ҚҰРМЕТТІ ӨНІМДІ ТҰТЫНУШЫЛАР ЖӘНЕ ӨТКІЗУШІЛЕР!

«Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Республикамыздың аумағында зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі барлық меншікті зергерлік және басқа да бұйымдарға қатын сынамауға таңбасынсыз, сондай-ақ, атаулы таңба бедерісіз зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізуге жол берілмейді.

Осы Заңның негізінде Қазақстанда асыл тастарға, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарға сараптама жүргізу қағидалары әзірленді және бекітілді.

Міндетті тәртіпте сараптаманы жүргізу: 1) Еуразиялық экономикалық комиссия шешімімен белгіленген жағдайларды есептемегенде, кедендік декларациялау және кедендік тазартумен байланысты кедендік операцияларды жүргізгенге дейін, асыл тастарды, зергерлік және басқа бұйымдарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуі;

2) асыл тастарды, зергерлік және басқа бұйымдарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкелуі;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындағанды қоспағанда, зергерлік және басқа бұйымдарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағында өткізу және (немесе) өндіру жағдайларында жүгін көзделген. Сондай-ақ, Қағидаға сәйкес бағалы емес металдардан ажырайтын және (немесе) бөлінетін бөліктері бағалы металдар бөліктері бағалы металдардың үйлесімдігін білдіретін зергерлік және басқа да бұйымдар таңбалауға жатады. Зергерлік және басқа да бұйымдар уәкілетті ұйымдардың аумақтық бөлімшелерінің кодтары бар «Барыс басының» нысанын «KZ» Қазақстанның халықаралық аб-

бревиатурасын бейнелеу отырып, Қазақстан Республикасының бірегей сынама таңбасымен таңбаланады, олардың бедерлері уәкілетті органдарға беріледі.

Таңбалауға жататын бағалы металдардан жасалған бұйымдар үшін бейнеленген сынамалардың мынадай ең кіші мәндері белгіленеді:

- платина қорытпалары үшін – 850; алтын қорытпалары үшін – 375; палладий қорытпалары үшін – 500; күміс қорытпалары үшін – 750;

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 190-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын бойынша бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі өздері өндірген бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарға қатын сынамауға таңбасынсыз, сондай-ақ, атаулы таңба бедерісіз бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу түрінде жасалған бұзушылық үшін жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жауапкершілігі көзделген.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған бұзушылық үшін жеке тұлғаларға – сексен, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жауапкершілігі көзделген.

Гүлмира НАЗАРБЕКОВА, «Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-нің бас маманы

26.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

27.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

28.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

29.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

30.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

31.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

01.09.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPARAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 06:30 «KazNet»... 07:40 «Қорғаныс»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 07:00 «KazNet»... 07:40 «Әзілстан»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 07:00 «KazNet»... 07:40 «Әзілстан»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 07:00 «KazNet»... 07:40 «Әзілстан»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 07:00 «KazNet»... 07:40 «Әзілстан»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 07:00 «KazNet»... 07:40 «Әзілстан»...

АСТАНА
06:00 «Ән мен өзім»... 06:30 «KazNet»... 07:00 «Қалагер»...

ДЕНИЗ-2»... 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР... 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

бөйгесі»... 12:30 «Мехеткі өмірі»... 13:20 «Трезвий водитель»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

АСТАНА
06:00 «Жаңа келін»... 06:50 «Элиф»... 08:50 «Даша и друзья»...

КӨШПЕЛІ СЕМИНАР ӨТТІ



Жезқазған қаласы әділет басқармасының ұйымдастыруымен АҚ – 159/25 түзету мекемесінде көшпелі семинар өтті.

Advertisement for SARYARQA QAZAQSTAN CALL CENTER 1424, featuring a logo and contact information.

Advertisement for a call center with a list of services including food, travel, and other utilities.

Требуется на работу «мл инспектора» по приемке сыра. Тел: 87473673592

ҚАЛАЛЫҚ СОТ ХАБАРЛАЙДЫ
Жезқазған қалалық сотымен Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылы, Сәтбаев көшесі, 43-үй, 2-пәтер мекемежайда тұратын Ботақоз Азаматовна Жапсарбаеваның арызы бойынша 14.11.1986 жылы Қарағанды облысында туған Ержан Муканбеткалиевич Данихановты хабарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалған.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАР
• Жұмыс істеп тұрған бизнес. Бағасы – 6700000 тт. Тел: 87779475258

• Кілем 2,5x3 10000 тт., Айна 37x115 аяғымен 5000 тт., Эл. плита 3 комф. «Лысьва» 10000 тт., Журнал столы 10000 тт., шаф для телевизора 35000 тт. Тел: 87053345162, 87016675165.

• 4 бөлмелі үй сатылады, орталықтандырылған жылыту, санитарлық торпақ үй ішінде, жағзы ас үй, бақша, көлжаз, жертөле, 8,7 млн.т. Саудаласуға болады. Тел: 902916, 87779475258.

• Жақында жөндеу жасалған, жаңа жиһаздарымен 3 бөлмелі пәтер сатылады. Айырбас қарастырылмайды. Тел: 87479952064.

• 2 бөлмелі үй сатылады. Абай к-сі, 51, 3-қабат, 4,1 млн. тт. Тел: 87703709759.

• 92-орамда 10 сотық жер телімі сатылады. Тел: 87775749601, 87475527643.

• 91-орамда 4 бөлмелі коттеджді сатылады. 12500000 тт. Тел: 87774840144.

• Продаю 3-х комн. квартиру (пенренкт) 1 этаж, с гаражом также место под гараж над КМЦ «Матадор» Цена 1200000 тт. Вариант обмена на кв. в Караганде 2-3х комн.Тел: 8777921941, 87102723972.

• Продаются действующие прод-магазин с кафе-баром на 40 посадочных мест по адресу: Жастар, 8. Вариант обмена на р-не «Корпорация «Казамыш» Цена 1800000 тт. Тел: 87779621941, 87102723972, 87771991634.

• Меню 2-комн. кв. на 4-этаже на равноценную в районе №1,4 школы. Тел: 87072020968 звонит вечером.

• Продаю 2-х комн. кв 3-этаж. Абая 5, за 4,2 млн. тт. и гараж со смотровой ямой за 140 тыс тт. Тел: 87073709759.

• Телевизор LG 51 диагональ, триоэк, ковер, прихожка. Тел: 87051376468.

• Сәтбаев қаласында 5 бөлмелі жана үй, гараж, монша, 10 сотық жерімен 27 млн. Тел: 87052313920, 87754395474.

• 2 бөлмелі пәтер сатылады, 6-ықшам аудан, 2-қабат. 5500000тт. Тел: 87779621941, 87102723972.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымы театрдың жарық беру цехының меңгерушісі Нұрлан Сембаевқа апасы Балқия ӨЛМЕНБЕТҚЫЗЫНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып кеніп айтады.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымы театрдың костюмері Гүлнар Аймамбетова анасы Батжайық ТӨЛЕБЕКҚЫЗЫНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып кеніп айтады.

Банк ЦентрКредит АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСЖВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Архив саласының ардагері, қадірменді Балтабай Малдыбайұлы!



85 жастың сеніріне шығып отырған мерейлі мерейтойыңыз құтты болсын! Өңіріміздегі архив саласының қарыштап дамуына зор үлес қосып, осы саланың білікті мамандарын тәрбиелеуде де айтарлықтай үлес қостыңыз. Сол еңбегіңіздің бүгінде зейнетін көріп отырсыз. Өзіңіздей өнегелі өмір иесін еріптестеріңіз әрқашан мақтан тұтады. Адамгершілігі өзге жұртқа үлгі боларлықтай өзіңізге деніңіз сау болсын дей отырып, ғасырдан да ұзақ ғұмыр тілейміз! Өміріңіздің жалғасы – ұрпақтарыңызбен мың жасаңыз! Абыройыңыз асып, ел құрметіне бөлене беріңіз! Ізгі тілекпен, Жезқазған қаласы мемлекеттік архив ұжымы

Құрметті Серік Сарсенбекұлы!



Сіз – сапалы өміріңізді халыққа қызмет етуге арнаған, жарқын бола-шақ иелерін зама-нына лайық азамат етіп шығаруға күш-жігеріңізді жұмсаған, қасиетті қарт Ұлытауды көркейтіп, гүлдендіруге лайықты үлес қосқан елдің сүйікті ұлысыз. Сіз кешегі уақытта еңбек жолыңызды Совет ат-қару комитетінде бөлім басшысынан бастап, кәсіподақ комитетінде көп жыл жемісті еңбек еттіңіз. Одан кейін қасиетті Ұлытаудың көркін жақсартуда құрылыс саласында абыройлы-беделді еңбек етіп келесіз. Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге баында бақыт, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға ырыс-береке тілейміз. Қосағыңызбен қоса ағарып, ұрпағыңыздың қызық-қуанышын көріп, ағайын-туысқа ақылшы болып ортамызда жүре беріңіз. Ізгі ниетпен: қарындасыңыз – Айтжан. Жиендеріңіз: Абахан-Гүлнур, Мейрлан-Қаракөз, Махмуд-Жаннұр Жиеншарларыңыз: Тамирлан, Милана, Диана, Аруна, Жасмин, Раяна.

Жезқазған шаһарының Жылнамасы

1981 жыл 1981 жылдың маусым айы мен 1985 жылдың наурыз айы аралығында қалалық атқару комитетінің төрағасы Виктор Иванович Лавецкий болды. 22 мамырда орбиталық «Салют-6», «Союз-Т-4», «Союз-40» комплексінің бортында бірлескен зерттеулер мен эксперименттер программасын аяқтағаннан кейін Совет Одағының Румыния Социалистік Республикасының азаматы Думитру Прунариу құрамындағы халықаралық экипаж үшу сапарын ойдағыдай аяқтап, Жезқазған қаласының оңтүстік-шығыс жағында 225 км-ге келіп қонды. Қос бағырға Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атғы берілді. 29 мамырда облыстық «Жезқазған туы» газетінің екі мыңыншы саны оқырманға жол тартты.

Шілде айында мемлекеттік сауда және тұтынушылар кооперация озаттарының смети өткізілді. Жезқазған қаласындағы Некрасов көшесінің бойындағы (қазіргі Сейфуллин көшесі) № 49 үйде облыстық ғылыми-техникалық кітапхана пайдалануға берілді. Өнер сүйген бүкіл жұртшылыққа танымал атақты «Ұлытау» ансамблі Грузияда өнер көрсетіп қайтты. Қоғамдық малға жем-шөп дайындауда жоғары табыстарға жеткені үшін Жезқазған облысы республикалық Құрмет тақтасына жазылды. Жезқазғанда КСРО Журналистер одағы облыстық ұйымының IV конференциясы өтті. № 5 «Тамаша» балабақшасы ашылды. Жезқазған қаласында педагогикалық училищенің жаңа корпусы пайдалануға берілді. Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді

АТАУЛЫ КҮН

23 ТАМЫЗ – ТАРИХТА



1916 жылы 23 тамызда Түркістан генерал-губернаторы А. Куропаткиннің жарлығымен болыстық, селолық, ауылдық билеушілер мен олардың балалары, жергілікті халықтың төменгі полицияда істеп жүрген шенділері, имамдар, молдалар, есепшілер және «дворян» мәртебесіне теңестірілгендер майдан жұмысы қатарына алынудан босатылды. Бұл кедейлердің ашу-ызасын тудырды. 1992 жылы Елбасы Н. Назарбаев Әзірбайжан және Армения президенттері Абульфаз Эльчибей және Левон Тер-Петросянмен телефон арқылы келіссөздер жүргізді. Келіссөзде тараптарға 1 қыркүйектен бастап Таулы Карабах аймағындағы әскери іс-қимылдарды тоқтату жайы сөз болды. 1996 жылы дәл осы күні Алматыда қырғыз елінің елшілігі ашылды. 23 тамызға байланысты қызық жайттардың бірі – 1799 жылы Петербургте ер адамдарға бакенбард қоюға тыйым салынды. Ал, Колпангеген қаласында 1913 жылы 23 тамызда су перісіне ескерткіш орнатылды.

Мемлекеттік қызметтер бойынша көмекші сіздің смартфонңызда m.gov мобилдаі қосымшасы

«СОТ КАБИНЕТИ» – ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ



Жезқазған қалалық сотының ұйымдастыруымен «Сот кабинеті және мемлекеттік тілде арыз, өтініштерді жолдау» тақырыбында өткен дөңгелек үстел аймақтағы нотариустар мен адвокаттардың басын қосты.

Жезқазған қалалық сотының ұйымдастыруымен «Сот кабинеті және мемлекеттік тілде арыз, өтініштерді жолдау» тақырыбында өткен дөңгелек үстел аймақтағы нотариустар мен адвокаттардың басын қосты. Жезқазған қалалық сотының ұйымдастыруымен «Сот кабинеті және мемлекеттік тілде арыз, өтініштерді жолдау» тақырыбында өткен дөңгелек үстел аймақтағы нотариустар мен адвокаттардың басын қосты.

арқылы қазір сот отырыстарының бейне және дыбыс жазбаларын да сұратуға болады. Сервистің осы және өзге де тиімді тұстары хақында әрбіреуінен көзделуді қалалық соттың судьясы Серік Сәменов жүргізді.

«Сот кабинеті» сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ галамтор желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ, істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады. «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін азамат халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет. Сервисте мемлекеттік бах төлеу мәселесі де өз шешімін тапқанын айта өткен жөн. Бұған дейін пошта не банк арқылы төленіп, одан кейін түбіртек сканерленіп жүйеге тіркелетін болса, енді арыз беруші онлайн түрде төлем карточкасы бойынша бахды төлейді. Бұл да тұрғындардың уақытын үнемдейтіні сөзсіз, – деп сервисті жұмысымен кеңірек таныстырған қалалық соттың кеңес меңгерушісі Әсел Аманжолова сотқа арыз түсіру қағаз жүзінде де жүзеге асырылатынын жеткізді. Яғни, арыз беруші өзіне ыңғайлы жолды таңдайды. Бүгінде қартаң тартқан тұрғындар бұл жаңашылдыққа үйренісе алмағанын адвокат Иван Голиков тілге тиек етті. Компьютерді жатсынатын

егде тұрғындар үшін электронды цифрлық қолтаңба жасатудың өзі де бір шаруа. Сондықтан, соттың ұсынысымен алдағы күндері сот ғимаратында арнайы фронт-офис ашылып, сол жерде халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері ЭЦҚ рәсімдеуді жүзеге асыратын болады. Сонымен қатар, қазірдің өзінде қалалық сотта «Сот кабинеті» арқылы арыз беруіге келгендерге кеңес беретін арнайы маман қарастырылған. Ол өз кезегінде кеңес беріп қана қоймай, сервисте жұмыс жасауға бағыт-бағдар береді. Ал, адвокат Виктор Осинцев сервисті жұмысындағы кейбір олқылықтардың орнын толтыруды сұрады. Күніне бірнеше сот процесіне қатысып, бірнеше тұрғынның мүддесін қорғайтын ол кабинет арқылы отырыстың дәл уақытын білу мүмкін еместігін жеткізді. Сервисте барлық істер бір уақытқа белгіленеді де, ерте жеткен тұрғындар кейде сағаттап өз процесін күтуге мәжбүр болады екен. Дөңгелек үстел барысында соттің ашықтығын, жеделдігін қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға бағытталған «Сот кабинеті» сервистің дұрыс пайдалану жөнінде бейнеролик көрсетіліп, қатысушылардың сын-ескертпелеріне құлақ асылды. Және туындаған сұрақтарға нақты жауап берілді. Диана ОРАЗАЛИНА Серветті түсірген Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

КОВОРКИНГ-АРТ ХОЛЫ – ЖАСТАР ИГІЛІГІНЕ

Жастар жылы аясында білімді де білгір, жалынды ел жастарына үлкен қолдау көрсетілуде. Осыған орай, Елбасы жүктеген тапсырмалар негізінде Жезқазған қаласында да игілікті шаралар жүзеге асып жатыр. Соның бір нәтижесі – «Заман жарғысы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ашылған коворкинг – Арт холы. Коворкинг – Арт холға Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының қолдауымен жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Коворкинг – Арт холының ашылуы – жезқазғандық жастар үшін үлкен қуаныш. Біздің қаламызда 18 мыңға жуық жас бар. Олар үшін түрлі ұйымдармен қатар Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы жұмыс жасайды. Әң биге қабілетті, жаңа идеяларға бай, өнерлі де талапты жастарды осы орталыққа келіп уақытын тиімді пайдалануға шақырамын, – деді коворкинг – Арт холының салтанатты ашылуына қатысқан Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова. Біздің Даму бағдарламасы арқылы Қазақстаннан бөлек Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан сынды Орта Азия мемлекеттерімен әріптестік байланыс орнаттық. Бүгінде Қазақстанның Ақтөбе және Қарағанды облыстарында біздің бағдарлама негізінде құрылған орталықтар жұмыс жасайды. Қарағанды облысы бойынша Даму бағдарламасы жүзеге асып отырған үш қаланың бірі – Жезқазған қаласы, – деді Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының Қазақстандағы өкілі Мивако Хирота. Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында қала жастарына үлкен тарту болған Әсем Асанханова жетекшілік ететін коворкинг – Арт холына бүгінгі таңда 78 жас келіп әр түрлі қоғамдық шаралармен айналысады. Республикалық додалардың жүлдегері атанып жүрген орталыққа мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары да көп жүгінеді. Мысалы, орталықта 7 мүмкіндігі шектеулі жас бар. Осыған қарамастан олар бойларындағы қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытып, алға ұмтылудан тайған емес. Біздің орталықта арнайы тәртіп бұзушылық санаттары есепте тұрған балалар да бар. Біз оларды тура жолға бағыттап, бұзақыдан жұлдызға



айналдырамыз, жаман өмірден жақсы өмірге тартамыз. Бізде талантты жастар өте көп. Мысалы, жастайынан жазуға құмар 17 жасар Алан Мухамбет атты мақтанышымыз біздің коворкинг – Арт холындағы арнайы фото, видео белмесіндегі жабдықтармен «Реванш» атты кино түсіруге дайындалып жатыр. Алпанның сценарийін алматылық кино мамандары сұратқан еді, бірақ біз бұл киноны сүйікті қапалымыз Жезқазғанда өзіміз түсіреміз деген шешімге келдік, – дейді Әсем Асанханова. Коворкинг –Арт холына 29 жасқа дейінгі кез келген жас келіп, әр түрлі шараларға қатысып, жаңа идеялармен бөлісе алады. Ендеше, заманауи үлгіде жабдықталып, қызу жұмысқа кіріскен жастар ордасының алдағы жұмысына бабыл тілейміз. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«АРҚАДАН ӘН ОЗДЫРҒАН АҚЫН ТАЙЖАН!»

Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әлеуметтік тапсырысы негізінде «Шындық» қоғамдық бірлестігі қолға алған «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасының кезекті жыр кеші дүйсенбі күні Жезқазғандағы С.Сейфуллин атындағы кітапханада «Арқадан ән оздырған ақын Тайжан!» деген тақырыппен өтті. Өйткені, биыл туғанына 140 жыл толатын ақын, өнші, композитор Тайжан Қалмағанбетұлының өміржолының, өнержолының бүгінгі, кейінгі ұрпаққа беретін өнегесі ұшан-теңіз.



Кешті ашып, жүргізген «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастанов Тайжан тұлғасы жөнінде қысқаша айтып өтті. Табиғатынан аса талантты өнер иесінің әсіресе, Арқаның өнін Сырға жалғауы оның екі өңірдің арасындағы өнер дөңкеріне айналғанын айғақтайды. Тайжан арқылы Көкшөнің биігіндегі Үкілі Ыбырайдың әуен сазы Сарыарқаны көктейтін, Сырдың бойына барып, Нартайдың көкейіне қонды. Сөйтіп, тамырын жайып, бүгінгі Нартайдың өн мектебінің негізі қаланды. 1936 жылғы Мәскеуде өткен Қазақ мәдениеті мен өнерінің тұңғыш онкүндігінің салтанатты ашылуында да шымалдықты ашу құрметінің Тайжан Қалмағанбетұлына берілуі оның өнерінің жоғары деңгейде мойындалуы деп ұғынғанымыз абзал. Сондықтан, жыр кешінің ақын, композитор Тайжанның өнімен ашылуы да өнердің үзілмейтін жалғастығының, сабақтастығының символы іспетті болды. Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдәбаев атындағы Көшпелі сарайының жанында жұмыс істеп жатқан жыршылық, термешілік өнерге баулу үйірмесінің маманы Дәуітбек Дәні



кеев Тайжекең өндерінің ішкі иірімдерін жақсы меңгергенін байқатып, тыңдаған елді риза етті. Бұлай болатын жөні де бар. Өйткені, Дәуітбек – атақты өнші, ҚР Еңбек сіңірген өртісі Ғалым Мұхамеддиннің шәкірті. Мықты ұстаздың шәкірті осал болмайды! Бұл кештің бұрынғы кештерге қарағандағы бір ерекшелігі, кешке Сәтбаев қаласының бір топ ақындарының белсенділігінен атсалысуы еді. Сондықтан да, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастанов кітапхана ұжымына Сәтбаев қаласы ақындарының өнер адамдарының туындыларын тарту етті. Біз Сәтбаев қаласынан Жезқазған қаласының орталық кітапханасына алғаш рет осындай жыр кешіне қатысу үшін топ болып келіп отырғанымызды қерек. Сондықтан, өзіміздің кітапханаға деген тартушымызды да ала келдік. Кітапхананың байлығы – кітап қоры. Ендеше, байлықтарыңыз молая түссін, – деген ол кітапхана ұжымына ақын Шынболат Ділдебаевтың, Мұса Тілеуовтің, Жақсылық Омаровтың кітаптарын тапсырды. Сонымен бірге, Жезқазған аймағынан шыққан талантты композитор Есқожа Сартовтың «Сағана ма, мені?..» атты өн дискісін тарту етті. Кеш барысында ақындар Мұса Тілеуов, Үлгіс Айдарбекова, Жақсылық Омаров, Дәуренбек Бұлнабаев, Құрмет Тілеулинов, Абай Ораз, Қуаныш Рымжан және т.б. бірнеше өлеңдерін оқып, ойларын ортаға салды. Кешке Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлнұр Тілеуова қатысып отырды. Абдолла НҰРТАУҰЛЫ Серветтерді түсірген Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

ЭНДОПРОТЕЗДЕУ ОТАСЫ ЖАСАЛДЫ

Бүгінде артрит, артроз коксартроз, остеоартроз, подагра сынды буын ауруларына шалдыққан науқастар жиі кездеседі. Түрлі себептерге байланысты егде жастағы адамдарды қоспағанда буын ауруы бар жастардың да саны күн санап артып келеді. Социлмалды дегенеративті аурулардың біріне жататын бұл дертке дер кезінде ем-дом жасалма, мүгедектікке ұшыратуы әбден ықтимал. Буын ауруларынан құтылудың бірден-бір амалы – ол эндопротездеу отасына жүгінуге. Эндопротездеу отасының Қазақстан аумағында қолданысқа енгенге көп болмаса да, еліміздің көптеген өңірлерінде қарқынды түрде дамып келеді. Әйтсе де, бұнындарды алмастыру отасы біздің қаламызға жеті қоймаған еді. Қытай Халық Республикасының Тяньцзинь қаласындағы «Just Medical» және Пекин қаласында орналасқан «Chunli» компаниясының қолдауымен Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасында алғаш рет бұныға арналған эндопротездеу отасы жасалды. Ота нәтижесінде буын ауруына шалдыққан төрт науқасты тізе және жамбас буындары ауыстырылды. Науқастың екеуі –Жезқазған қаласының, қалған екеуі – көшпелі қаласының тұрғыны. – Жезқазған қаласы эндопротездеу отасын жасайтын орталықтардан шалғайда орналасқандықтан, буын ауруына шалдыққан тұрғындар көптеген қиыншылықтарға тап болып жатады. Доллар бағамының өсуіне байланысты эндопротездеу отасына қажетті протездердің де бағасы күрт шарықтап кетті. Сондықтан кез келген науқастың қалтасы бұл отаны көтере бермейді. Бүгінгі Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасында жасалған төрт отаның жалпы құны 2,5-3 млрд құрайды. «Just Medical», «Chunli» компаниялары сауда әлеуеті бойынша Қытай Халық Республикасындағы екінші және үшінші орында тұрған компаниялар. Бұл ком-

паниялар бірлескен жұмыс аясында біздің елімізге протез жасау заводын салу жобасын дайындап жатыр, – деді қытайлық қонақтарды бастап келген «Galama integra» компаниясының бас директоры Сейтжан Сыпабеков. Эндопротездеу отасын Жезқазған қалалық көпбейінді аурухананың полиатрва бөлімінің меңгерушісі Рүстем Нұсанбаев бастаған дәрігерлер тобы мен Қарағанды қаласынан арнайы келген профессор Х.Ж.Мақажанов атындағы травматология және ортопедия облыстық орталығының бас дәрігері Берік Тілеубаев пен травматолог дәрігер Роман Якупов жасады. Эндопротездеу оталары сәтті аяқталды, алдағы уақытта науқастарға арнайы күтім мен шаралары көрсетілетін болады. – Біз бүгін әріптесіміз Shawn Shen және компаниясының өкілі Max Ren-мен Жезқазған қаласына келіп, осындағы эндопротездеу протездеріне мұқтаж науқастарға көмек көрсете алғанымызға өте қуаныштымыз. Біздің компания – Қытайдағы тізе және жамбас буындарына арналған протездерді жасайтын алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі. Бүгінгі ота жасалған науқастардың тезірек жазылып, үйлеріне қайтуына тілектестік білдіреміз, – деді «Just Medical» компаниясының сауда менеджері Jack Zhang. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН